

ЖОБА-ЖОСПАР



**236 ШАҚЫРЫМ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ**

4-БЕТ

Өткен жұма күні облыс әкімінің орынбасары Мираc Мүлкәй өңірде биыл жүзеге асырылып жатқан республикалық маңызы бар аутожолдардағы жөндеу жұмыстарының барысын тексерді.

ӨНЕР



ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ЖАРШЫСЫ

7-БЕТ

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні

КӨКЕЙКЕСТІ



**БАСПАНАНЫ БӨЛУГЕ
ЖАҢА ТЕТІК КЕРЕК**

10-11-БЕТ

Облыстық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында аудан-ауылдарда табыс-кірісі аз отбасыларға тұрғын үй беру мәселесі талқыланды.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress

twitter.com/zhaikpress

www.instagram.com/zhaikpress



ORAL ÓNİRİ

№41 (21538)

Сейсенбі,

19 мамыр 2026 жыл

**«Еділ мен Жайықтың»
тарихы және...**



**Бас жүлде –
Жайықтың
Жансаясында!**



Жуырда Қырғыз халқының заңғар жазушысы, көрнекті драматург Бексұлтан Жакиевтің 90 жылдық мерейтойына орай қазақ-қырғыз төкпе ақындары арасында айтыс өтті. Халықаралық өнер бәйгесінде бас жүлдені Жайық топырағының талантты перзенті, М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың оқытушысы, айтыскер ақын Жансая Мусина иеленді. Сондай-ақ Жансая Мусина «Қырғыз Республикасы мәдениет саласының үздігі» атанды.

Қос елдің мәдени байланысын бекемдеген байқауда ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, сөз өнерінің абыро-

нын асқақтатқан Жансая Ғалымжанқызын зор жетістігімен құттықтаймыз!

Аталмыш айтыс Қырғыз Республикасының астанасы Бішкекте өтті.

«ОРАЛ ӨНІРІ» – 2026

Екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

«Жайық Пресс» ЖШС арқылы жеткізусіз		
Басылым атауы	жеке тұлға	заңды тұлға
		6 ай
«Орал өңірі»	4400	5500
«Приуралье»	4400	5500

Егер Орал қаласы аумағында бір мекенжайда 30-дан жоғары жазылушы болса, «Жайық Пресс» ЖШС тарапынан жеткізеді



«Қазпошта» АҚ БҚОФ арқылы жеткізумен			
	Басылым атауы	жеке тұлға	заңды тұлға
		6 ай	6 ай
Қала үшін	«Орал өңірі»	6 738,96	10 213,28
Ауыл үшін	«Орал өңірі»	6 438,96	7 438,96
Қала үшін	«Приуралье»	6 679,16	10 153,48
Ауыл үшін	«Приуралье»	6 379,16	7 379,16

Бағалар ҚҚС есебімен көрсетілген



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы

2026 жылғы 16 мамыр

Адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар мәдениет, білім беру және инновациялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың ба-сым бағыттары болып айқындалсын:

- кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру;

- оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту: цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, жаңа форматтағы кітапханалар, қоғамдық кеңістіктер құру;

- туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық жазушылар мен ақындарды қолдау;

- баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыру;

- ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) халықтың әртүрлі санаттары, оның ішінде балалар мен жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың орнықты дағдыларын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етсін;

2) жаңа форматтағы кітапханалар, көпфункционалды қоғамдық кеңістіктер құруды, заманауи ақпараттық жүйелер мен сервистер ендіруді қоса алғанда, оқырман инфрақұрылымын жаңғыртуды қамтамасыз етсін;

3) ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттауды, оның ішінде туындыларды сапалы аудару, басып шығару, оқырмандардың кең ауқымды аудиториясына тарату арқылы қамтамасыз етсін;

4) 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасын іске асыруға кіріссін;

5) жасанды интеллектіні дамыту жағдайында 2026 жылдың соңына дейін Кітап оқу мәдениетін және кітап ісін насихаттаудың 2027-2031 жылдарға

арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын (бұдан әрі - «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы) бекітсін;

6) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының жобасын әзірлесін;

7) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін кітап оқу мәдениетін дамытудағы жетістіктері үшін Ұлттық сыйлық тағайындасын;

8) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін бірыңғай қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құрсын;

9) жыл сайын «Зерделі ұлт» тұжырымдамасының іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп берсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ. ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 16 мамыр
№1279



Химиялық өңдеу нәтижелі

Теректі ауданындағы Подстепный ауылдық округі аумағында шегіртке тұқымдас зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізетін мекемелердің арнайы техникаларының дайындығы тексерілді. Далада өткен үйлестіру жөніндегі облыстық штабтың отырысына ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы Сәкен Қаныбеков, облыс әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов, мердігер компаниялар өкілдері, сала мамандары қатысты.

Гүлбаршын ДЫБЫСҚАЛИҚЫЗЫ, «Орал өңірі»

Іс-шара алдымен мердігер ұйымдардың химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуге арналған бүріккіш техникаларының жабдықталуы мен дайындығын көрсетумен басталды. Өйткені жұмыстың нәтижелі болуы осы техника түрлерінің әзірлігіне байланысты екені даусыз. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін егістік алқаптарын, жайылымдарды, шабындықтарды түрлі зиянкестерден қорғау маңызды. Әсіресе үйірлі шегірткенің жаппай көбеюі ауыл шаруашылығы жерлері мен егістіктеріне үлкен қауіп төндіреді. Биыл өңірімізде 455 мың гектар жер зиянкестерге қарсы өңделді. Оның ішінде республикалық бюджет

есебінен үйірлі шегірткелерге қарсы 225 мың гектар, облыстық қазына қаржысына саяқ шегірткелерге қарсы 229,288 мың гектар жерді улау жоспарланған.

- Аудан және округ әкімдіктерімен жоспарланған іс-шараға сәйкес 440 анықтаушы белгіленеді. Олар шегірткенің шығуын бақылайды және оған мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар облыстық штабқа хабар береді. Соған қарай қарекет жасалады. «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ БҚО филиалымен келісімшарт жасалып, бес айға ақылы түрде 32 анықтаушы жұмыс істейді. Шегірткенің ауа райына қарай өсіп-өнетін не азаятын кезеңдері болады. Мысалға, 2024 жылы - 209 мың, 2025 жылы 540 мың гектар жер өңделді. Ал 2026 жылы 455

мың гектарды өңдеу көзделуде. Былтыр, биыл қанатты зиянкестердің көп таралғаны байқалып отыр. Шегірткелердің таралу циклі - 10-12 жыл. Алдағы жылдан бастап азаяды деп күтілуде, - деді Қалияр Айтмұхамбетов.

Химиялық өңдеуді жүргізушілерді анықтау мақсатында министрлік және облыс әкімдігі тарапынан тиісті мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілді. Соның нәтижесінде төрт мердігер анықталды. Өңдеу жұмыстарына жалпы 58 арнайы техника тартылады. Мамырдың 25-інен кейін «Магтоксин» ЖШС 8 аэрозольді генератормен, ақтөбелік «ЗапКазФумигация» ЖШС 23 жер үсті желдеткіш бүріккішпен, алматылық «АгроСЛА» ЖШС екі жеңіл ұшақпен және «Фитосанитария» РМК БҚО филиалы алты ұшқышсыз ұшу аппаратпен өңдеуді бастайды. Былтыр тек үш агродрон болған. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті БҚО аумақтық инспекциясының басшысы Ерлан Орынбаевтың түсіндіруінше, ондай аппаратпен жер өңдеу былтыр өңірде бірінші рет қолға алынған. Нәтижесі көңіл қанағаттандырады. «Өсімдік қорғау саласы

бойынша өткен жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаражаты есебінен аса қауіпті зиянкестер мен ауруларға қарсы 36 мың гектар жер химиялық өңдеуден өтті. Биыл 24 мың гектарды химиялық өңдеуден өткізу жоспарланды. Салыстыра қарасақ, өңделетін жер көлемі бірден 12 мың гектарға азайды. Осының өзі жыл сайын химиялық өңдеу жұмыстарын уақтылы, дер кезінде жасаудың жақсы нәтижесі деуге болады», - деді Ерлан Құлатайұлы инспекцияның өткен жылғы жұмысы туралы.

Алматылық «АгроСЛА» ЖШС-ның авиациялық-химиялық жұмыстар саласындағы еңбек өтіліне 20 жыл толған. Осы жылдар иірімінде Қазақстанның жер өңдеуші компаниялары арасында көшбасшылар қатарына енген. Компания өкілі Берік Нұрғазин аталған компанияның жоспар бойынша Сырым, Теректі аудандарындағы 33 мың гектар жерді өңдейтінін айтты. Оған қажетті препараттар алынған. Жер өңдеу бір жеңіл ұшақ және дельтапланмен атқарылады.

Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасының ай-

туынша, министрлік өкілдері жылда химиялық өңдеу басталар алдында осындай іс-шараға қатысады. Өйткені үйірлі шегірткеге қарсы қарекеттерге министрлік жауапты. Сондықтан өңдеу жұмыстары басталарда мердігерлердің техникалық жарақтануын тексереді. Сондай миссия-міндетпен келіп, дайындық барысын көрген комитет төрағасы әкімдіктердің барлық шаруаны дер кезінде ұйымдастырған деп жоғары бағалады.

- Мердігерлердің дайындықтары тыңғылықты. 2025 және 2024 жылдары химиялық өңдеу жоғары деңгейде өтті. Соның нәтижесінде өңделетін жер көлемі азаюда. Қазіргі кезде агродрондарды пайдаланудамыз. 2024 жылы еліміз бойынша өңделетін жер көлемі 3 млн 100 мың гектар болса, биыл 2 млн 200 мың гектарды құрады. Бұл көрсеткіштердің төмендеуі - мемлекеттің уақтылы берген қаражатының, мердігерлердің жауапкершілігінің және министрліктің шегірткеге қарсы күрес шараларын жаңаша ұйымдастыруының нәтижесі. Біріншіден, өңдеу жұмыстары жоспарын 100 гектардан деп есептейтінбіз. Оны 70 гектар деп өзгерттік. Өңдеудің тиімділігін 85%-дан 90%-ға көтердік. Бұған дейін химиялық улау жұмыстарына және қажетті препаратты жеткізушілерге екі бөлек тендер ұйымдастырылатын. Енді осы екі тендер біріктірілді. Соның арқасында жауапкершілік бір мердігерден сұралады. Мердігерлер қажетті химиялық заттарымен, техникасымен, адам күшімен келіп, міндеттерін атқарады. Быыл шегіртке азаяр деп отырмыз, - деді Сәкен Қаныбеков.

Төраға жиналған қауымға мемлекет тарапынан химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуге барлық жағдай жасалғанын, ендігі міндет шаруаны уақтылы әрі сапалы орындау екенін айтып, алдағы қызу науқанға сәттілік тіледі.



Өткен аптада облыс әкімдігінде 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық пысықталды.

**Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»**

Бұл алқалы жиынға облыс әкімінің орынбасары Мирас Мүлкәй төрағалық етті. Кеңес отырысына өңірдегі басқармалардың басшылары мен жауапты сала мамандары қатысты. Сондай-ақ 12 аудандағы әкімдік өкілдері онлайн байланысқа шықты.

Алдымен Мирас Мүлкәй жылыту маусымына дайындық жұмысын жан-жақты бақылауға алу күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе екенін айтты. 2025 жылы ҚР Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша облыстағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік сала нысандарының күзгі-қысқы кезеңге дайындығына тексеріс жүргізілген. Бүгінде Президент Әкімшілігі тексерісінің қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер мен берілген ұсыныстар облыстағы жылыту маусымының жұмыс жоспарына енгізілген. Сондай-ақ облыс орталығы мен аудандарда арнайы штаб құрылып, мамандар осы салаға қатысты мәселені қадағалап отырғанын жеткізді төраға.

– Қыс мезгілінің қиындықсыз өтуі – халықтың әлеуметтік жағдайына және өңірдің тұрақтылығына тікелей әсер ететін фактор. Біз атқарылған жұмыстарға есеп беріп қана қоймай, Президент Әкімшілігінің ескертулерін саралап, нақты міндеттерді айқындап алуымыз қажет, – деді М. Мүлкәй.

Жиында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қанат Өмірәлиев баяндама жасады. Оның айтуынша, қазіргі таңда жылыту маусымына қатысты бірқатар іс-шара басталып кеткен. Аудандарда құрылған штабтардың мүшелері жұмыс жоспары бойынша жергілікті жердегі әлеуметтік нысандарға тексеріс жүргізетінін жеткізді.

«Жайықжылуқуат» АҚ бас директоры Бақытжан Әкімғожин атқарылған жөндеу жұмыстары мен келер жылыту маусымына дейін аяқталар жобалар жөнінде баяндады.

– «Жайықжылуқуат» акционерлік қоғамы – Орал қаласын орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ететін кәсіпорын. Бүгінде «Жайықжылуқуат» АҚ Орал қалалық жылу электр орталығы (ЖЭО)



Жылыту маусымына дайындық пысықталды

мен оған қарасты жылу желілерін басқарады. Қазіргі кезде ЖЭО-да 3 бу турбинасы, 5 энергетикалық қазандық, 6 су жылытқыш қазандық және 1 газтурбиналық қондырғы орнатылған. Сондай-ақ ұзындығы 248,5 шақырым болатын жылу желілері жұмыс істейді. Оның 48,6 шақырымы магистралдық желілер болса, 176,4 шақырымы кварталішілік желілер. Ұзындығы 23,19 шақырымды құрайтын жылу желілерімен бірге 23 қазандық халықты жылумен қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі уақытта ЖЭО жабдықтары – 83%, жылу желілері – 49%, қазандық жабдықтарының тозу деңгейі 43%-ды құрайды.

2025-2026 жылғы жылыту маусымы тұрақты және штаттық режимде өтті. Жылумен жабдықтауда ірі апаттық ажыратулар тіркелген жоқ. Алдағы жылыту маусымына дайындық аясында жалпы 2,2 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырылған. Оның ішінде, 1,367 млрд теңге ЖЭО-ны жөндеуге бағытталады. ЖЭО-да жоспарланған жұмыстарға сәйкес №7 және №12 су жылытқыш қазандықтары мен №3 энергетикалық қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар №4 және №5 қазандардың газ-түтін жолдарын күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған. №2 деаэраторды, екі желілік сорғыны және №5 қазанның түтінсорғышын ауыстыру көзделіп отыр. Энергожүйенің сенімділігін арттыру мақсатында 110 дана тұрақты ток аккумулятор батареясы жаңартылып, №1 және №4 түтін мұржалары техникалық тексеруден өткізіледі. Бұдан бөлек ЖЭО-ның коммерциялық есепке алу құралдары мен су қабылдағыштағы есептеу құралдарын ауыстыру жұмыстары жүзеге асырылады. Аталған іс-шаралар жылу орталығының тұрақты



Мәди САЛЫҚ

әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жылу желілерін жөндеуге шамамен 300 млн теңге қарастырылды. Жоспарға сәйкес ұзындығы 5,8 шақырымды құрайтын кварталішілік жылу желілеріне күрделі жөндеу жүргізіледі. Сонымен қатар жылу алмасу пункттері мен қосалқы жабдықтарға ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылады.

Қазандық шаруашылығының жабдықтары мен жылу желілерін күрделі жөндеуге 526 млн теңге бағытталады. Жоспарланған жұмыстар аясында ұзындығы 250 метр болатын желілерге күрделі жөндеу жүргізіліп, қазандар мен қосалқы жабдықтарға ағымдағы жөндеу жүргізіледі. Сондай-ақ Зашаған кентіндегі №1 қазандықтан тартылған ұзындығы 3 шақырым болатын жылу желілеріне ішінара күрделі жөндеу жүргізу жоспарға енгізілді.

«Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, ұзындығы 1,8 шақырым болатын №6 жылу магистралін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 1,7 млрд теңге. Сонымен қатар ұзындығы 1,8 шақырымды құрайтын №7 жылу магистралін жаңғыртуға 2,6 млрд теңге қарастырылған. «Құрылысшы» шағынауданындағы ұзындығы 8,8 шақырым болатын кварталішілік жылу желілерін жаңарту жобасы іске асырылуда. Оның құны 1,8 млрд теңгені құрайды.

Қазіргі таңда №6 жылу магистралі бойынша жұмыстардың 25%-ы орындалса, қайта жөндеу жұмыстарының 80%-ы аяқталған. Ал №7 жылу магистралі бойынша жұмыстардың орындалу дең-

гейі 20%-ды, қайта жөндеу жұмысы 50%-ды құрайды. Бұл жобалар толық іске асырылғаннан кейін жылу желілерінің тозу деңгейі 49%-дан 47%-ға дейін төмендеп, жылу энергиясының нормативтік шығыны 18%-дан 17%-ға дейін азаяды деп күтілуде. Барлық жұмыс жылыту маусымы басталғанға дейін толық аяқталады.

Аталған жобаларды іске асыру нәтижесінде ЖЭО жабдықтары мен нысандарының тозу деңгейі қазіргі 83%-дан 60%-ға дейін төмендейді. Соның нәтижесінде нысан «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа көшеді деп күтілуде, – деді Б. Әкімғожин.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Мирас Мүлкәй жауапты сала мамандарына жылыту маусымына қатысты жөндеу жұмысы уақтылы аяқталуын қадағалауды тапсырды.



Өткен жұма күні облыс әкімінің орынбасары Мираc Мүлкәй өңірде биыл жүзеге асырылып жатқан республикалық маңызы бар аутожолдардағы жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. Облыс бойынша биыл ұзындығы 236 шақырымды құрайтын бес жоба жоспарланған. Бұл мақсатқа 32,9 млрд теңге бөлінген.



236 ШАҚЫРЫМ

республикалық жол жөнделеді

Гүлжамал КЕНЖЕҒАЛИЕВА,
«Орал өңірі»

«ҚазАвтоЖол» ҰК Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Асылбек Марданның айтуынша, жөндеу жұмыстары бірнеше жол учаскесінде жүргізілуде. Атап айтқанда, Атырау – Орал тасжолының жалпы 780 шақырымын орташа жөндеу жұмысы қолға алынған. Мұнда жұмыстар үш бөлікті қамтиды: Орал қаласынан Чапаев ауылына дейінгі 120 шақырым (372-432 және 432-492 шақырым аралығы), сондай-ақ Атырау облысының шекарасына дейінгі 189-249 шақырым аралығындағы 60 шақырымдық бөлік. Сонымен қатар Чапаев – Жалпақтал – Казталов аутожолының 0-17 шақырым аралығына да орташа жөндеу жоспарланған. Бесінші нысан ретінде Ақтөбе – Орал аутожолының 369-408 шақырым аралығы белгіленген.

Асылбек Марданның сөзінше, мердігер ұйымдар анықталып, жұмыстар сәуір айының соңында басталған. Мамыр айында құрылыс қарқыны күшейген. Мамандар ауа райының қолайсыздығына байланысты жөндеу жұмыстарының кеш басталғанын да жасырмады.

– Қазіргі таңда инертті материалдарды дайындау жұмыстары 50-60 пайызға орындалды. Атырау – Орал трассасының бірінші және екінші учаскелерінде жолдың төменгі қабатының шамамен 10 пайызы төселді. Ұзындығы 189 шақырым болатын үшінші учаскеде жұмыстардың 8 пайызы атқарылды. Жоспар бойынша барлық жұмыс жыл соңына дейін аяқталуы тиіс, – деді ол.

Мамандардың айтуынша, орташа жөндеу жүргізілетін жол бөліктеріне бес жылдық кепілдік беріледі. Жоба аясында ірі түйіршікті және ұсақ түйіршікті екі қабатты асфальт-бетон жабыны төселеді. Кейбір учаскелерде ресайклинг технологиясы қолданылады: бірінші бөлікте шамамен 5 шақырым, екінші және үшінші бөліктерде 20 шақырымнан жаңғыртылады. Сонымен қатар жол жиектерін нығайту, жол белгілерін ауыстыру және жаңа аялдама павильондарын орнату қарастырылған.

Қазіргі таңда «ДСК Приоритет» ЖШС Орал – Атырау аутожолының екі учаскесінде, жалпы ұзындығы 120 шақырымға созылған Орал қаласының шекарасынан Чапаев ауылына дейінгі бөлікте жұмыс істеуде. Компания директоры Жанна Кенжинаның айтуынша, жөндеу жұмысы биылғы сәуір айының ортасында басталған. Бүгінде нысандарда жолдың төменгі асфальт қабатының 30 шақырымы төселіп, тағы бес шақырымдай бөлігі фрезерленген.

– Жөндеу жұмыстары айналма жолсыз жүргізілуде. Сондықтан қиындықтар бар, көліктер бір жолақпен қозғалады. Алдымен жолдың бір жағын жөндеп, кейін екінші жағына көшеміз. Екі учаскеде 30 шақырым жол жөнделді, – деді Жанна Тәжғұлқызы.

Әр учаскеде бірнеше техника жұмылдырылған, жалпы нысандарда шамамен 250 адам еңбек етуде. Құм-қиыршықтас қоспасы Орал қарьерінен жеткізілсе, қиыршықтас сырттан тасымалданады. Жұмыстарды аяқтау мерзімі – алты ай.

Өңірдегі автомобиль жолдарының жағдайы – әлі де өзекті мәселелердің бірі. Об-

лыстағы аутожолдардың жалпы ұзындығы 6,2 мың шақырымнан асады. Оның шамамен 60 пайызы қанағаттанарлық жағдайда. Республикалық жолдардың ұзындығы 1,3 мың шақырымнан асады.

Облыс әкімінің орынбасары Мираc Мүлкәйдің айтуынша, 2029 жылға қарай өңірдегі жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы аутожолдардың үлесін 95 %-ға жеткізу жоспарланып отыр.

– Биыл жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу мен дамытуға шамамен 13 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат облыс аудандарындағы жол құрылысы, қайта жаңғырту және орташа жөндеу жобаларын іске асыруға бағытталады. 2026 жылы республикалық жолдардың бес учаскесінде жалпы ұзындығы шамамен 240 шақырым болатын орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан күрделі бағыттардың бірі – Чапаев ауылынан Казталовқа қарай баратын жол. Қазір

17 шақырымдық учаскеде жұмыстар басталды. Мердігер – «Тоби» ЖШС, қосымша мердігер ұйымдар да тартылған. Жұмыстарды күзге дейін бітіру көзделген, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ өңірде жергілікті маңызы бар жолдарға да ерекше назар аударылуда. Облыс әкімінің тапсырмасымен биыл төрт негізгі магистральдық бағыттың құрылысын аяқтау міндеті қойылған. Бірінші нысан – Чапаев – Жаңақала – Сайқын бағыты бойынша Жаңақазан ауылына дейінгі жол учаскесі. Мердігер ұйым – «Uniserу» ЖШС. Қатты жабынды жолдың аяқталмай тұрған бөлігі шамамен 16 шақырымды құрайды. Қазір құрылыс-монтаж және жол жұмыстары жүргізілуде. Екінші бағыт – Шыңғырлау – Ақшат – Сегізсай жолы. Мердігер – «Тоби» ЖШС. Қазіргі уақытта жобаны белсенді түрде жалғастыру үшін қаржыландыру көздері қарастырылып жатыр. Тағы бір маңызды ба-

ғыт – Барбастау – Ақжайық – Индер жолы. Бұл нысанда да «Uniserу» компаниясы құрылыс және жөндеу жұмыстарын атқаруда.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, жалпы биыл түрлі қаржыландыру көздері есебінен облыста 300 шақырымнан астам жол жөнделмек. Болашақтағы ірі жобалардың бірі – Орал қаласы әуежайы бағытында Жайық өзені мен оның жайылмасы арқылы өтетін жаңа көпір салу. Қазір жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Маусым айында құжаттарды мемлекеттік сараптамаға жолдау жоспарланған. Одан кейін

мердігерді анықтау бойынша конкурс жарияланады. Жоба аясында қолданыстағы көпірге параллель жаңа көпір салу, сондай-ақ Орал қаласын айналып өтетін ұзындығы 35 шақырымдық айналма жол салу көзделген. Ол Саратов және Самара бағытындағы трассаларға шығуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар облыс орталығында қалаішілік жобалар да жалғасуда. «Ақжайық» шағынауданында көпір өткелдерін салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталған. Қазір нысанда дайындық жұмыстары мен жол жабынын тегістеу жұмыстары жүргізілуде.

Подстепный – Ресей Федерациясы шекарасы бағытындағы, яки Орынборға шығатын аутожолды қайта жаңғырту жалғасуда. Жобаның әрқайсысы 36 шақырымнан тұратын төрт учаскеге бөлінген. Оның екеуін «ҚазАвтоЖол» ҰК қайта жаңғыртса, тағы екі учаске әлеуметтік-инвестициялық жобалар аясында жүзеге асырылуда.





Сәуірден кейінгі Сарайшықтағы қарбалас

Басқа өңірді қайдам, тоғыз жолдың торабындағы, Еуропа мен Азия құрлықтары тоғысқан тұстағы Оралда ауа райы құбылмалы. Төркініне келіп, еркелеп жатып алатын жас келін құсап, көктем де ызғарланып, кете қоюға асықпады. Сәуірдің екінші жартысының аяғына таман орталық көшелердің бірі саналатын Сарайшық көшесінде жол жөндеу жұмыстары басталды. Жауын-шашын жиі жауған «тәуір» айдан кейінгі мамыражай мамырда шаруа қызды. Жолшылар күн райын пайдаланып қалайық деп игі іске жең түре кірісті.

Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,
«Орал өңірі»

Мұхит және Бельгер көшелерінің аралығындағы көше жолында асфальт төсегіш техника жолдың бір жолағында баяу жылжиды. Жол жанымен соңынан ілестік. Дәу техника маңындағы бесалты жігіт әбжіл қимылдап, «шайыр» тәрізді қоймалжыңды күрекпен іліп алады да, әлгінің дәу қалағына салады. Жерге төгілгенін жинап жүр-ау шамасы деп топшылады. Өзін Айболат Орынбасаровын деп таныстырған жұмысшыдан қал-қуат сұрастық. «Жол жиегіндегі асфальттың жігін жымдас-тырып жібереміз. Тек қауіпсіздік шараларына, әсіресе төсеуші (укладчик) асфальт төгіп жатқанда, мұқият болған жөн, үстіңе төгіліп кетсе, қауіпті. Жағдайымыз жақсы, жалақымызды уақтылы береді. Бастықтар әне жүр», – деп жөн сілтеді. Жұмысына ынта-шынтасымен берілген адамның қимылынан қара жұмысқа пісіп қалған қаражон мықтылығы байқалады.

– Сарайшық көшесінің 1,58 шақырымы орташа жөндеуде. Жоба құны – 223 млн теңге. Жолдың бірінші бөлігі С. Даумов көшесі мен Н. Назарбаев даңғылы, екіншісі Мұхит пен Бельгер көшелері аралығы жөндеуде, – деді аман-саулық сұрасқан жоба басшысы Болат Шәмшитов. «Осы жолдың Бельгер және Әйтиев көшелері аралығындағы жол бөлігінің сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Сондықтан осы бөліктен үнемделген қаражат есе-

бінен С. Даумов көшесі мен Н. Назарбаев даңғылы аралығына 395 метрге жаяу жүргіншілер жолы салынады. Ол халыққа қызмет ету орталығынан басталып «Шаған» дүкені жаққа қарай салынады, – деді Орал қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі автомобиль жолдары секторының маманы Ерасыл Байзақов.


– Мына көше жолы құрылысының мердігері – «Азат капитал» ЖШС. Жол шаруашылығында ысылған іргелі компания. Байқасаңыздар, техникасы сайлы, жұмыс қолы жеткілікті, – деді жоба басшысы. Жол жабынын жарқырата төсеп жүрген техникаға назар аудардық. Соны аңғарған Б. Шәмшитов әңгіме ауанын кілт өзгертті:

– Жолды орташа жөндеу деген күрделі жөндеуден өзгереді. Күрделі жөндеуде оның негізіне дейін қазып алып, қайта жаңадан салады. Ал орташа жөндеуде жолдың асфальт төсемін 5 сантиметрге дейін грейдермен қырып алады. Оның орнына жаңа ШМА-20 материалы төселеді. ШМА деген – қиыршықтас-мастика қоспасы мұқият таңдалған асфальт түрі. Оның құрамында сәл өзгертілген минералды толтырғыштар (қиыршықтас және минералды ұнтақтан алынған құм), жол битумы және тұрақтандырғыш қоспалар болады. Ондай төсем түрі қаттылығымен, аса тығыздығымен ерекшеленеді. Ондай жол кербісіп, жарыла бермейді. Жолды қырып тастағаннан кейін, көлік жүрмесін деп көшені жауып тастаймыз. Себебі негізі бұзылмасын

дейміз. Кейде көліктер жүріп, жолдың негізі бүлінсе, жамылғы төселгеннен кейін бүлінген жерден ши шығады. Шұңқыр, ойдым-ойық болып шыға келеді. Осыны кейбір жүргізушілер түсінбейді ғой. Сондықтан жөнделіп жатқан жолдың екі басына ескерту белгісін қоямыз, – деп ренішін жасырмады жоба басшысы. «Иә, жөндеуден өткен жолдар жарылып жатыр деп байбалам саламыз. Мәселенің мәнісі қайда?!» деймін іштей ой тұңғығына сүңгіп. Расында, көше жолдары салық төлеушілерден бюджетке түскен салықтар есебінен, яғни сіз бен біздің ақшамызға салынады. Сонда қоғамда өзіміз терлеп-тепшіп тапқан табысымызға салынған жолды күту, қамқорлау жағы неге кемшін? Қала берді шаң-тозаң жұтып, нәпақасын тауып жүрген жол құрылыстарының еңбегіне деген құрметіміз қайда деп ой тереңіне бойладым.



– Жұмыстың басталғанына екі апта болды. Орташа жөндеу шілде айына дейін бітуі тиіс. Бірақ біз жұмыс кестесінен озықпыз. Оның барлығы алдымен жолшылардың өз міндеттеріне жүрдім-бардым қарамай, жауапкершілікті сезінуінде дер едім. Сонымен қатар техниканың да маңызы бар. Компанияның техникасы жаңа, Орда көшесінде өзінің асфальтбетон зауыты бар. Мына учаскемізге жақын. Асфальт төсегіш техника заманауи, еуропалық өндірісшілерден екі жыл турасында сатып алынған. Жол құрылысына 32 жұмысшы жұмылған. Бес каток



Мәди САЛЫҚ

бар, оның үшеуі – 10, екеуі – 12, біреуі – үш тонналық. Әнебір ең соңында жүрген кішірегі 3 тонналық, – деді учаске бастығы Нұрдаулет Әлихан (суретте). Жүзі күнге тотыққан жас жігіт көзілдірігін түзеп қойып, әңгімесін жалғастырды. Оның айтуынша, 10 жүк көлігі асфальт тасуда. Компания биыл шаһардың алты көше жолын жөндеуді мойнына алған. Осы жолдың жұмысы аяқталған соң, басқа учаскеге жұмысқа барады. Құмырсқа-тірлік қараңғылық қоюланғанша тыйылмайды. Кешкі жұмысқа үстеме төленеді. Жұмысшылардың жалақысы 300-400 мың теңге аралығында екен. Таңертеңгі, түскі, кешкі ас компания есебінен тегін беріледі. «Сіздерге жұмысқа тұрғымыз келіп кетті ғой» деп әзілдей күлдік...

– Жол жабынын төсеудегі қара күш жұмысшыларға емес, техникаға түседі. «Фогель» асфальт төсегіш «ақылды» машинамыз – осы. Ол автоматтандырылған, асфальттың қалыңдығын, тығыздығын есептеп, көрсетіп отырады. Катоктар да неміс өндірісшісінен, оның да асфальтты тапағанда тығыздығы қанша сантиметр болғанын көрсететін тетіктері бар. Техника жүргізетін жігіттеріміз өз істерін жетік білетін жұмысшы мамандар, – деп учаске бастығы айқайлай сөйлеп. Шамасы, дауысым естілмес десе керек. Комбайн тәріздіс тұрқы биіктеу техника «Фогельдің қалқандары 9 метрге дейін «құлашын» созады. Қасымызға таяп келген техника біткеннің дырылдаған-дарылдаған дыбыстарынан құлақ тұнады. Әрі дырау техниканың көк түтіні, жаңа төселген асфальттың иісі қолқа қабады. Қызғылт-сары түсті «КамАЗ» тақап келген «Vogele» бункеріне тақала түсіп, буы бұрқыраған асфальтбетон қоспасын шақтап түсіріп, алға жылдай түсті. Жүк көлігінің қорабына «алақан»-бункерін

жайған арнайы техника мысықтабандап, тіркесіп алған, кейін қалар түрлері жоқ. Машинаның бункері ыстық асфальт қоспасын жұтып жатыр, жұтып жатыр...

Құрылыс учаскесінің бастығына: «Жол салу оңай емес. Оны сапалы ету жағы қиынның қиыны. Сіз сапаға кепілдік бере аласыз ба?» деп көпшіліктің көкейінде жүретін «сұңғыла» сұрақты төтесінен қойдық. Өйткені жол сапасын техникалық қадағалаушы «Сервис Пак» деген компания өкілін таппадық. Тапсырыс беруші қала әкімдігі жол сапасын қадағайлайтын тиісті мемлекеттік мекемемен келісімшарт жасаған. «Күн райы жақсы боп тұр. ШМА-ны ауа температурасы 20 градустан жоғары болса төсеу керек. Қазір 27 градус боп тұр. Әрине, сапалы болады. Асфальт тек ыстық күйде келеді. Оны жинап қойып, ертеңіне төсей алмайсыз. Нормативтік талапқа сай белгілі температурада төсеп үлгеруіміз керек. Зауыттан 160-155 градуспен шығады. Жол салатын аумаққа кемі 120 градустан кем болса, төсей алмайсыз, қатып қалады қақшыып», – деді Нұрдаулет Әлихан.

Біз кетерде жолшылар Сарайшық жолының бір жолағын айнадай етіп жаңа жабынмен жауып бітіруге таяды. Енді екінші жолаққа ауысады. Оны да бүгін бітіреміз десті. Тек сапалы болсын дедік. Сағаттың сұқ тілі кешкі бесті тықсырып барады. Күн желкем, әнебір ыстық та жоқ. Күн сайын суық желде, аптап ыстықта жүретін қара жұмыстың майталмандары бұйырған нәпақаларын маңдайды шып-шып терлетіп, осылай табады.

Жаңа төселген асфальттан шайырдың жұпар иісі шығады-ау... Жаңа жолдың иісі...





Гүлжамал
ЖОЛДЫҒАЛИ,
«Орал өңірі»

Баспасөзге жазылу науқанында әрдайым қолдау көрсетіп келе жатқан тағылымы терең, тарихы бай білім ошақтарының бірі – Орал қаласындағы №26 орта мектеп. Биыл осы білім ошағының ашылғанына 35 жыл толды. Осыған орай біз іргелі ұжымды мерейлі датамен құттықтап, «Үзіліс» бетіне арнайы мақала дайындауды жөн көрдік.



Шәкірттері сағынып, іздеп келетін білім ошағы



Мектеп – тек білім беретін орын ғана емес, ол – тағдырлар тоғысатын, арман қанат қағатын, болашақ қалыптасатын үлкен өмір мектебі. Өткен жұма күні мектеп мерейтойына арналған салтанатты іс-шараға ардагер ұстаздар, мектеп түлектері, ата-аналар жиналды. Әр қонағын бауырсақ пен ақ ұсынып күтіп алған мектеп ұжымы білім ошағына экскурсия жасап, концерттік бағдарлама ұсынды. Бір-бірін көптен көрмеген ардагер ұстаздар мен түлектер сағынысып көрісіп, қуанып жатты.

1991 жылы алғаш есігін ашқан ашқан білім ошағы талай баланың болашағына жол сілтеп, үлкен өмірге қанат қақтырды. Мектептің алғашқы директоры Павел Подольный сол кезеңнің күрделі ахуалына қарамастан, білім ошағының іргесін бекем қалап, ұжымның қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Егемендіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық қиындықтар білім саласына да оңай тимегені белгілі. Алайда ұстаздардың бірлігі мен жауапкершілігі мектептің еңсесін түсірген жоқ. Сол жылдары Екатерина Нұрмашева, Валентина Трофимова, Таисия Коршунова, Римма Ермолаева, Людмила Степанова,

Фаина Пономарева, Рая Мұхамбетқалиева, Падиша Тапалова, Роза Шушакова, Ольга Потанина, Елена Портнова сынды тәжірибелі педагогтер мектептің өзіндік бағыт-бағдарын қалыптастырып, шәкірттерге сапалы білім мен саналы тәрбие берудің жарқын үлгісін көрсетті.

Мектеп тарихының әр кезеңі – өзінше бір белес. Білім ошағын басқарған Екатерина Нұрмашева мен Ғибарат Орынғалиеваның ерен еңбегі мектептің даму жолында ерекше орын алады. Екатерина Ботанқызының бастамасымен «Абайтану», «Пушкинтану» кабинеттері ашылып, оқушылардың рухани дүниесін байыту бағытында біраз жұмыс істелді. Бұл кабинеттер тек оқу бөлмесі емес, ұлт пен әлем әдебиетін ұлықтайтын рухани орталыққа айналды.

Шәкірттер үшін мектеп мұражайының да орны бөлек. Өткеннің ізі мен бүгіннің жетістігін жалғаған мұражайда әр жылдардағы суреттер, марапаттар, естеліктер сақталған. Мектеп шәкірттері тарихпен тілдесу үшін тағылым алаңына жиі бас сұғып тұрады. Ал «Омега-экстрим» шатырлы лагері оқушыларды табиғатпен үндестіріп, патриоттық

рух пен төзімділікке тәрбиелейтін ерекше жоба ретінде мектеп өмірінен берік орын алды. География пәнінің мұғалімі Наталья Дундукованың жетекшілігімен ұйымдастырылған экологиялық-өлкетану экспедициялары – туған жер табиғатын танып-білуге бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

Көпұлтты ұжым қалыптасқан мектепте достық пен татулық бірінші орында. Мектеп ұжымының ауызбіршілігін арттыру мақсатында мектептің бұрынғы директоры Ғибарат Марксқызының бастамасымен ұйымдастырылған «Халықтар достығы» фестивалі бүгінде дәстүрлі мерекеге айналған. Түрлі ұлттың мәдениеті мен өнерін ұлықтайтын бұл іс-шара оқушыларды татулық пен достыққа тәрбиелейді.

Мектеп мұғалімдері мен оқушыларының мерзімді баспасөзге жазылуына мән беретін №26 мектептің кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру бағытындағы жұмыстары да ерекше. Жыл сайын «Оқитын отбасы – ғасыр үлгісі» байқауы арқылы ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс нығайтып, отбасы құндылықтары дәріптеліп келеді.

2020 жылдан бері мектепті тәжірибелі басшы, «Білім

және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Ляззат Қастуғанова басқарып келеді. Оның жетекшілігімен мектеп заман талабына сай жаңғырып, білім беру сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Қазіргі таңда мектепте 1155 оқушыға 98 педагог білім беруде. Мұғалімдердің сапалық құрамының жоғары болуы – мектептің кәсіби әлеуетінің мықтылығын айқын көрсетеді. Бүгінде мектеп ұстаздары жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша үздіксіз ізденіп, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып жүр. Соның нәтижесінде шәкірттер ғылыми жобаларда, пәндік олимпиадаларда, шығармашылық және спорттық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетуде. Мектеп шәкірттері Аида Дүйсенғали, Рузана Фрунзиева, Ильназ Ерік, Аркар Гумаров, Алғали Әмір, Томирис Құлжанова сынды оқушылар облыстық, республикалық білім сайыстарының жүлдегерлері. Спортта топ жарып жүрген Айару Мендібаева, Алина Домова, Алина Бекмұхамбетова, Илья Астафьев, Артем Пивцев – мектеп мақтаныштары. Айта кетерлігі, осы жылдар ішінде бес оқушы «Алтын белгі» иегері атанып, мектеп мерейін асырған.

№26 мектептің ұжымы тек білім берумен ғана шектелмей, оқушылардың шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға да ерекше көңіл бөлуде. Бұл бағытта Роботтық техника үйірмесі, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика секциялары шә-

кірттердің қызығушылығын арттырып келеді. Ал ұлттық құндылықтарды дәріптейтін Мейрамбек Синалиұлы жетекшілік ететін Асық ату үйірмесі ұлттық ойындарды жаңғыртып, жастар арасында кеңінен насихаттап келеді. Үйірме мүшелерінің облыстық жарыстарда жүлделі орындарға ие болуы – жүйелі жұмыстың нәтижесі болса керек.

– Мектептің материалдық-техникалық әлеуеті де заман талабына сай жаңартылды. Оқу кабинеттері жаңа құрал-жабдықтармен қамтылып, білім алушылар үшін қолайлы орта жасалды. Мұғалімдерге арналған заманауи демалыс және жұмыс кабинеті ұстаздардың шығармашылық әле-



уетін арттыруға мүмкіндік берсе, «Ата-аналарды қолдау орталығы» мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған маңызды орталыққа айналды. Осы жылдар ішінде мектепті 2000-нан астам түлек тәмамдап, үлкен өмірге жолдама алды. Олардың арасында түрлі салада табысты еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Ең қуаныштысы – осы мектептен түлеп ұшқан шәкірттердің туған мектебіне қайта оралып, ұстаздық етуі. Бұл – ұрпақтар сабақтасығының жарқын көрінісі, – дейді мектеп директоры Ляззат Құрманбекқызы.

Бір қарағанда бұйығы көрінетін қаланың шетінде орналасқан білім ошағында тірлік қайнап жатыр. 35 жылда бұл мектеп мыңдаған шәкірттің күлкісі мен арманының, ұстаздардың маңдай тері мен адал еңбегінің, ата-аналардың сенімі мен үмітінің куәгері болды. Осы уақыт ішінде №26 орта мектеп қарапайым болса да, шәкірттері шынайы жүреппен іздеп келетін қасиетті қарашаңыраққа айналды. Кеше біз сол әдемі сәттің куәсі болдық.



• 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ЖАРШЫСЫ



Қазақ өнеріне жаңа леп болып келген, төл аспаптарды шеберлікпен үндестіре білген Орал қаласында орналасқан Жастар шығармашылығы орталығы жанындағы «Alash» этно-фольклорлық ансамблі бүгінде көптің назарында. Бұл ансамбль ұлттық өнердің мәйегін сақтап қана қоймай, оны жаңа қырынан дамытып, кең аудиторияға насихаттап келеді. Өзіндік бағыты, орындаушылық ерекшелігі, халыққа айтар ойы, тыңдарманы бар топтың жетекшісі Әлібек Қуаншалиев бастаған ансамбль қазақ мәдениетінің мерейін асқақтатуға үлес қосып келеді.

Гүлфия АЗАМАТҚЫЗЫ,
«Орал өңірі»

Әлібек Жәрдемұлы – тек ансамбль жетекшісі ғана емес, республикалық домбырашылар байқауының лауреаты, кәсіби домбырашы. Ол 2007 жылы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін мәдениет және өнер факультеті бойынша тәмамдады.

– «Alash» этно-фольклорлық ансамблі 2019 жылы Жастар жылы аясында өнер жанашырлары, белгілі әншілер Серік Қайырлиев пен Медет Мерғалиевтың идеясымен, ықпалымен құрылды. Ұжымды алғаш Данияр Таңатаров басқарса, кейін бұл қызметті Тимур Меңдіғалиев жалғастырды. Қазіргі таңда ансамбльге жетекшілік ету міндетін өзім атқарып келемін. Бұл ансамбль – қазақтың ұлттық музыкасын, салт-дәстүрін насихаттап, ұмытылып кеткен қазақтың төл аспаптарын қайта жаңғыртып, қолданысқа енгізіп, халыққа қайтаратын шығармашылық ұжым. Сонымен қатар келер ұрпақ пен қазіргі жастардың ұлттық музыка мен аспаптарға деген қызығушылығын, елге деген патриоттық сезімін оятады. Дәстүр мен заманауи бағытты үйлестіре отырып, тыңдарман жүрегінен орын алуды көздейді. Топтың «Alash» деп аталуы да тегін таңдалмаған. «Алаш» атауы – қазақтың өткен тарихындағы ұлт зиялыларына деген құрметтің белгісі.

Қазіргі таңда ұжым құрамында 11 өнерпаз бар. Олар – түрлі ұлттық аспапты шебер меңгерген кәсіби музыканттар. Ансамбльдің ерекшелігі – көне музыкалық аспаптардың үнін қайта тірілтіп, кеңінен қолдануында. Атап айтқанда,

шаңқобыз, қылқобыз, нарқобыз, сазсырнай сынды сирек кездесетін аспаптардың үні көрерменге ерекше әсер сыйлайды. Осы арқылы ансамбль этно-фольклорлық бағытты берік ұстанып келеді, – деді «Alash» этно-фольклорлық ансамблінің жетекшісі Әлібек Қуаншалиев.

Ансамбль жетекшісі Әлібек Жәрдемұлы – өнерді отбасымен бірге ұлықтап жүрген жан. Зайыбы Раушан Нұрланқызымен Науша Бөкейханов



дерімен ерекшеленеді деп айтуға болады. Костюмдері Орал қаласындағы арнайы тігіншілерге тапсырыспен тіктірілсе, музыкалық аспаптарын Алматы мен Астана қалаларынан арнайы алдыртады. Бұл олардың өнерге деген жауапкершілігін көрсетеді. Уақыт өте келе музыкалық аспаптарды күтіп-баптап, жөндеу қажеттігі туындайтыны белгілі. Осы орайда, 2025 жылдың желтоқсан айында Жастар мәдениет сарайының

атындағы домбырашылар байқауында танысып, қадамдары отбасылық өмірге ұласты. Бүгінде домбырашы ретінде өнер жолында табысқан көпбалалы отбасы ұлттық құндылықтарды балаларына да сіңіріп келеді. Олардың өмірлік ұстанымы – үлкенге құрмет, өнерге адалдық және ұрпақ тәрбиесіне жете көңіл бөлу.

Ансамбль өзіндік қайталанбас бояуы бар музыкасымен, орындаушылық шеберлігімен, ұлттық нақышта, заманауи стильде тігілген киім-

дерімен ерекшеленеді деп айтуға болады. Костюмдері Орал қаласындағы арнайы тігіншілерге тапсырыспен тіктірілсе, музыкалық аспаптарын Алматы мен Астана қалаларынан арнайы алдыртады. Бұл олардың өнерге деген жауапкершілігін көрсетеді.

Уақыт өте келе музыкалық аспаптарды күтіп-баптап, жөндеу қажеттігі туындайтыны белгілі. Осы орайда, 2025 жылдың желтоқсан айында Жастар мәдениет сарайының



қытжамал Таңатарова қылқобыздың қоңыр сазымен, ал Раушан Шақанаева шертердің нәзік сарынымен көрермен көңілінен шығып жүр. Оған қоса Ақсамал Қанатқалиева мен Аида Қуанышева екі сым ішекті қобыздың әуезін нақышына келтірсе, өзім жетекшілік ететін домбырашылар – Әділет Жолдығали мен Жасұлан Зинеденов домбыраның қоңыр мақамын кәсіби деңгейде орындап келеді. Ал әнші Медет Оразов өнерсүйер қауымның жоғары бағасына ие болып жүр.

Ән қоржынымызда шамамен 60-тан астам шығарма бар. Алдымен Құрманғазы, Дина, Сейтектің ұлы мұраларынан бастап, кейін танымал, жас композиторлардың шығармаларын нақышына келтіріп, орындап келеміз. Өнерімізді көпке паш етіп, сол жолда талай жетістікке қол жеткіздік. Республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болдық. Атап айтсақ, Астана қаласында өткен «Шабьт» халықаралық фестиваліне қатысып, Тараздағы «Көне Тараз» байқауында өнер көрсеттік. Сонымен қатар Қырғызстанда өткен байқауда бас жүлдені иеленіп, жүлдегер атандық. Алдағы жоспарларымыз да ауқымды. Алдымен, жақын ауыл-аудандарды қамтып, гастрольдік сапарға шыққымыз келеді. Кейін еліміздің әр өңірінде, соның ішінде Ақтөбе, Қызылорда, Астана, тағы басқа да қалаларда жеке концерттер өткізу жоспарларымызда бар. Халықтың ықыласына бөленіп, ұлттық өнердің өркендеуіне үлес қоссақ, біз үшін одан асқан марапаттың биігі болмас, – деді Әлібек Жәрдемұлы.

Қорыта айтқанда, ұлттық өнердегі дәстүрлі хәм заманауи жанрды насихаттаушы ретінде топ жарған «Alash» этно-фольклорлық ансамблі әлі талай асуларды бағындырады деп сенеміз. Кәсіби музыканың даңқын асырған дарын иелері болашақта бұдан да өрелі табыстарға қол жеткізе аларына шәк келтірмейміз.

Қазақстанның Еңбек Ері, Шыңғыс Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, композитор, жазушы, өнер зерттеушісі, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Илия Жақанов 90 жаста

Жайықты келіп алғаны,
Жағаға қолды салғаны.
Еділді келіп алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Ойылды келіп алғаны,
Ойындағысы болғаны...

Мұрат МӨҢКЕҰЛЫ

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім...

Махамбет ӨТЕМІСҰЛЫ

Небір тамылжыған тамаша әндердің ауторы, композитор Илия Жақанов ағымдағы айдың алтыншы жұлдызында торқалы 90 жастың төріне шықты. Тарыдай шашылған қазақ жер шарының қай қиырында жүрсе де, оның әндерін беріле шырқайды һәм сүйсіне тыңдайды. Өйткені Илия ағаның әндері туған жерге деген перзенттік махаббаттан, алыста жүрген қазақтың атамекенге деген сарқылмас сағынышынан, ғашық жанның сүйгеніне деген кіршіксіз пәк сезім, мөлдір махаббатынан жаралған.

Біз бүгін жазушы-журналист Бауыржан Ғұбайдүллиннің «Намыс найзағайы» кітабынан Илия Жақановпен сұхбатты ағаның 90 жастық мерейтойына орай жариялап отырмыз.

- Илия аға, ел аузында әйгілі «Еділ-Жайық» әніне өлең жазу барысында сіз Жұбан ағамызды (Молдағалиев) біраз «қинапты» деген сөз бар. «Еділ-Жайықтың» елге кең тараған қазіргі мәтіні Жұбан ақын жазған тоғызыншы нұсқа (вариант) екен деседі...

- Тап осы сұрағыңа толыққанды жауап беру үшін әңгімені әріден бастауға тура келеді.

Менің шыққан тегім - Кіші жүздің құрамындағы Тама руы. Сонау бір қилы-қилы кезең, жаугершілік өршіп тұрған аласапыран замандарда руы Тама Есет батырдың бастауымен біздің ата-бабаларымыз Қаратаудың маңына қоныс аударған екен. Осылайшай тағдырдың жазуымен кір жуып, кіндік кескен туған жерден алыстаған біздің ата-бабаларымыз үшін өзінің өсіп-өнген өлкесі өмір бойғы сағынышқа айналды...

Еділді келіп алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты келіп алғаны,
Жағаға қолды салғаны.

Ойылды келіп алғаны,
Ойындағысы болғаны.
Еділді алды, елді алды
Жайықты алды,
жерді алды.

Енді алмаған нең қалды? - деп келетін жыр жолдарын біз қаршадай бала кезімізден санамызға сіңіріп өстік. Өйткені ол жырларда біздің ата-бабаларымыздың ұлы өксігі, әбден сартап болған сағынышы жатыр. Осы сағыныштың лебімен, рухымен мен «Еділ-Жайық» әнін жаздым. Өйт-

тыра бастадым. Дәл сол кезде кенет көз алдыма екі ұлы дария, екі керемет сурет, пейзаж, бір ғажайып сәулетті, салтанатты, шұғылалы өмір келіп тұра қалды. Керемет көрініс енді, аспан ашық, жайнаған өмір, шағала... Пианиноға таяп келіп, клавиштерін басып өттім. Бірден әннің шумағының әуені шалқи жөнелді. Бір деммен әннің қайырмасы да асқақтап кетті. Сол сәттегі шабыттың

«Еділ мен Жайықтың»



кені ол сағыныш - адамның жігерін жасытатын сағыныш емес, ол - оптимистік сағыныш, ол - асқақ патетикалық сағыныш. Біздің аталарымыз көздері жұмылғанша, соңғы демдері шыққанша Еділ мен Жайықтың бойындағы бір кездегі салтанатты өмірді аңсаумен өткен. «Еділ-Жайық» әнінде әлгіндей ұлы сағыныштың сарыны, сазы бар. Біздің елде (Жамбыл облысы, Сарысу ауданы) қариялар әлі күнге дейін: «Ой, биыл Пәленшекеңнің сабасы, қымызы Еділ-Жайық болып ақтарылды ғой» деп айтып отырады...

1981 жылы төртінші қазан күні үлкен ұлым Бауыржан үйленді. Той керемет өтті. Тойдан үш күннен кейін, жетінші қазан күні Асқар Ембергенов деген досым қонаққа шақырды. Сағат үшке шақырылған қонақтыққа өзімнің ежелгі дағдым бойынша үйдегі апанды бір сағат бұрын «Бол да, бол!» деп асық-

шектен шыға шалқуы (шабыттың экстазы) романтикалық, патетикалық, оптимистік сезімдерді түгел қамтыды деп айтуға әбден болады. Әрмен қарай ән әуені бір деммен шырқалатын, бітпейтін толқынға ұласты. Ол толқын менің санамда өмірдің өзі, ата-бабаның аңсаған арманы, ұрпақтар жалғастығы болып бейнеленді. Осылайша бар болғаны 3-4 минутта ән туды. Ән бар, ән туды. Енді ақындарға (ақынға) қолқа салып, өлеңін жазғызу керек. Іштей талай ақынның тамырын басып, шекесін «шертіп» көрдім. Ақыры әндегі осыншама үлкен шалқуды, романтикалық шарықтауды, асқақ патетиканы анау-мынау ақын дөп басып, дәл бере алмайды. «Еділ-Жайықтағы» үлкен жігерді, ешқашан сарқылмайтын сағынышты, атамекенге деген ұлы перзенттік махаббатты жеткізу үшін рухы зор, адуынды, алапат ақын, сұрапыл һәм жойқын

шабыттың адамы керек деген ойға тоқтадым. Осындай талап-тоқтамға келгенде көз алдыма Жұбан ақын бітім-болмысымен, тұр-тұлағымен, жаратылыс-табиғатымен, мінез-құлқымен маған бәрінен биік, бәрінен асқақ, бәрінен құдіретті болып көрінді. Өйткені бізді тоталитарлық жүйенің темірдей құрсауы қаңтарып тұрған кезеңде, қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған кезде «Мен қазақпын!» деп кеудесін керіп, қырандай саңқылдап Жұбан ғана айтты, Жұбан ғана айта алды. Осындай рухы зор, осы заманның, біздің дәуірдің Махамбеті дерлік Жұбан ақынды мен ешқандай толқусыз таңдадым да, Жұбағаңмен жұмыс басталды.

«Еділ-Жайықтың» қайырмасы - менің өз қайырмам. Кейде әнмен бірге өрілетін сондай шумақтар болады. Қысқасы, Жұбағаң әңгімеміз-

дің басты кейіпкері болып отырған әнге тоғыз мәрте тоғыз түрлі сөз жазды. Тіпті екі-үш рет келісе алмай, арамызда керіске бергісіз жағдай болды. Ақыры аяғында Жұбағаң: «Саған еш уақытта өлең жақпайды, Илия! Сенің мынау әніңе жіберген уақытыма екі поэма жазып тастайтын едім! Қоясың ба, қоймайсың ба енді?! Осы мына терезеден лақтырып жібергім келіп тұр сені!» - деп зор, дауылпаз даусымен арыстанша гүжілдеуге дейін барып, жайпап кете жаздады.

- Жұбағаңның үйінде отырсыз?

- Иә, залында отырмыз. Саяжайдан келген беті екен. Содан мен кетпей тұрып алдым. Сосын Жұбағаң: «Не істеу керек енді?» - деп қатқыл сұрады.

Мен айттым: - Әнді шығарған - мен, әннің иесі - мен. Менің ойымды, менің





елестеткен суретімді, көрінісімді беріңіз. Ол (Жұбаған): – Ой-й, осы неменеге сен «Еділ-Жайық» деп атадың? Саясаттан хабарың бар ма өзіңнің? Мені жершіл дейді, жікшіл дейді. Көр де тұр, өзінің Еділ мен Жайығын тағы да асқақтатуға көшті дейді ертең. Сенде осы жан-жағыңа қарау деген бар ма өзі? – деді.

Мен: – Егер Еділ-Жайыққа деген үздігу, аңсау, соған деген ұлы сағыныш болмаса, бұл ән ешқашан шықпас еді. Егер мен сіз сияқты Еділ мен Жайықтың жағасында туып-өссем, бұл әнді жазбауым да, жаза алмауым да әбден мүмкін. Еділ-Жайыққа деген сағыныш – менің ата-бабаларымның ертеңге, нұрлы бо-

Емізеді егіз Еділ мен Жайық....

Ән сөзінің «Россия азат, Қазақстан азат, Екеуі бір ананың баласындай» деген мағынадағы үшінші шумағы бар екен. Бірақ мен оны алмадым, қабылдамадым. Сөйтіп, ән қазіргі шырқалып жүрген нұсқасымен, екі шумақпен елге тарап кетті. «Еділ-Жайықтың» алғашқы орындаушысы – Қайрат Байбосынов. Ол менен үйреніп алды да, бір жарым айға Атырау жаққа гастрольге кетті. Сол өнер сапарынан келгесін Қайрат інім маған «Еділ-Жайық» әнін халық зор ынта-ықылас, керемет ілтипатпен қабылдағанын жеткізді...

арай-нұрына шомылып, қырманға қайтып келе жатады. Артқы арбада Жәмилә мен Сейіт (Жәмиләнің кішкентай қайын інісі), алдыңғы арбада Данияр. Қара жолдың үстінде бір-біріне өлердей ынтызар қос ғашық. Бірақ жігіт (Данияр) үндемейді, томаға-тұйық. Ал Жәмилә болса, ғашықтықтың дертінен өзі-өзіне сыймай, жұлынып жүр. Сол Жәмилә жігіттің үнсіздігіне ызаланып, бір уақытта арбасынан секіріп түсе қалып, алдыңғы арбамен қатарласып, Даниярдың оң иығына қолын салады. Үндемейтін, көп сөзге жоқ, тұйық жігіт Даниярдың тілегені де осы.

Қияқтанып ай да туған кез. Жұлдыздар да жымың-

аталады) Шыңғыс Айтматовқа өзінің кабинетінде айтып бердім. Әннің Шыңғысқа әсер еткені соншалық, ол қатты толқып-тебіреніп, жанарына жас тұнып, қозғалақтап кетті...

1965 жылы күзде, қараша айында Ыстықкөлдің жағасында «Әселдің» әуені келді өмірге. Бұл – Шыңғыстың «Топлек мой в красной косынке» повесіндегі Әсел. Көп ұзамай Шыңғыстың шығармаларына қайтадан үңілген кезде «Асылым» деген ән туды. Бұл ән – аталмыш повестегі Әселдің сүйгені Илиястың басын қатыратын, мың құбылған күрделі кейіпкер, жарқ-жүрқ, жалт-жұлт еткен келіншек Хадишаның әсерінен туған дүние. Айтматов-

«Бас, бас Гүлсары! Аяңда, жорғала!»

Бибіжан бар ғой алдымызда, Бибіжан бар ғой!..

Ай туған, таудың іші боз мұнарға бөгіп тұр. Тыныштықты тек сайраған бұлбұл үні мен шақ-шұқ еткен Гүлсарының тұяғының дыбысы ғана бұзып, Бибіжанға жете алмай келе жатқан Танабайдың көкірегіне мен ән құйдым:

Ай тусын деші-ай-й-ау-у қорғалап-ай-й-й, Тауларды тербеп құс үні-ау сорғалап, Бибіжан саған жетермін-ау-у-у, Гүлсары атым астыңда-ау-у жорғала-а-ап. А-а-а-ай-й-й, Бибіжа-а-ан, Барады сәулем, күйіп жа-а-ан, Барады сәулем, күйіп жан, күйіп жа-а-а-ан!..

Міне, повестегі махаббат романтикасынан осындай ән жазылды. Жалпы, өз басым Айтматов шығармаларындағы нәзік лиризмді, асқақ романтиканы, биік гуманизмді, терең психологизмді өте жоғары бағалаймын.

– Қазіргі айтылып жүрген әндер сіз, сіздің замандас композиторларыңыз шығарған әндердей неге жұрттың бәрін бірдей бірден баурап алмайды? Қазіргі заманғы қазақ әні өз табиғатынан алыстап кеткен жоқ па?

– Біз кішкентайымыздан өмірде көпті көрген, көп нәрсені көңіліне түйген ақылы мол дария абыз-қариялардың айтқан ғибраты мол әңгімелерін, аңыз-ертегілерін, жыр-қиссаларын санамызға сіңіріп, зердемізге тоқып өстік. Олар (ақсақалдар) шерткен домбыраның үні бізге даланың әуеніндегі, тарихтың тылсым үніндегі болып естелетін. Бір сөзбен айтқанда, біз қазақтың ұлттық музыкасының құнарлы топырағында өсіп-өндік. Ал төрт қабырғаға қамалып өскен қазіргі жастарға, ең бастысы, осы жайт, осы фактор жетіспейді. Оның үстіне жастарымыз сөздік қоры аса бай қазақтың шұрайлы тілін де жеткілікті меңгермеген. Бұл – күні кешегі жас ұрпақ тәрбиесінде кеткен орасан зор қателік. Жастардың мәңгірттеніп кеткені үшін бірінші кезекте оларды емес, алдымен өзімізді, аға ұрпақты кінәлауға тиіспіз. Және бір айтпағым, қазір жасық, жылауық «әндер» көбейіп кетті. Ән адам жанын әлдилеуі керек немесе ән адамға рух беруі шарт.

– Әсерлі әңгімеңізге көп рақмет, Илия аға. Сіздің өмірдегі де, өнердегі де жұлдызыңыз әрдайым биіктен жарқырай берсін!

Сұхбаттасқан Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН, «Намыс найзағайы» кітабынан

ТАРИХЫ ЖӘНЕ...



лашаққа, жарқын өмірге деген үмітін үздірмеген сағыныш. Сондықтан әннің аты тек қана «Еділ-Жайық», – деп тұрып алдым. Әннің сөзінің сегізінші нұсқасын талқылау, міне, осылайша кикілжіңмен аяқталды. Мен дайын тұрған шайдан бір кесе зорға іштім де, үйге кетіп қалдым. Арада бір-бір жарым сағат өткенде, телефон шылдыр ете қалды. Трубканы алсам – Жұбаған. Даусында манағы зіл, ызғар жоқ, иіні жұмсақ, биязы. Манағыдай арыстандай ақырып, күндей күркіреп, жасындай жарқылдап тұрған жоқ.

– Илия, мана сен кеткеннен кейін мен тағы бір нұсқасын жаздым. Қарайсың ба?.. – деді бала құсап. Соның өзінде мен ол кісіге онша беріліңкіремей, салқын үнмен: – Қане, оқыңызшы, Жұбаға, – дедім.

Ол оқи жөнелді:

Құлпырады дала, гүлдейді орман,

– Сіз Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы кейіпкерлерге арнап бірнеше ән жаздыңыз. Сіздің творчествоңыздағы Айтматов циклі қашан, қалай басталды?

– 1963 жылы 10 қазанда Мәскеу радиосы қырғыздың аса көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовтың Лениндік сыйлықты алғандығы жөнінде хабар таратты. Ол кезде мен телевидениеде жас редактормын. Жаңағы қазақ-қырғызға ортақ қуанышты естіген басшыларымыз бізді іле-шала жинап алды да, қырғыздың өздерінен бұрын Шыңғыспен баспасөз конференциясын және тікелей эфирде хабар өткізбек ниеттерін білдірді. Сол күні түскі асқа үйге келдім. Ол кез мен Шыңғыстың «Жәмилә» повесін қайта оқып жүргем-ді. Шайдың үстінде аталмыш шығарманы парақтап, қайта қарап отырдым.

...Данияр Жәмилә екеуі күндіз күні бойы станцияға астық тасып, батып бара жатқан кешкі күннің қызыл

дай бастаған сәт. Айнала қырғыздың таулары. Алдан ескен жазғы кештің жанға жәйлі самалы... Міне, «Даниярдың әнінің» жазылуына осы тамаша романтикалық көрініс әсер етті. Келер жылы қазан-қараша айында «Жәмиләнің әні» туды.

...Шығарманың соңында жазушы ауыл маңындағы қалың шидің арасымен қол ұстасып кетіп бара жатқан Данияр мен Жәмиләні суреттейді. Ауылдың шетінде селтиіп, сүйікті жеңгесі Жәмиләдан тірелей айырылып Сейіт тұр. Аңсаған ғашығына қосылғанымен, Жәмиләнің жан-дүниесі алай-дүлей, астаң-кестен. Соңында сүйікті айылы қалып барады. Оны да қимайды. Кетпейін десе... Данияр. Осы сәт менің қиялымда Жәмилә өзінің қоштасу әнін шырқады. Жәмилә Даниярдың бүкіл қадір-қасиетін осы әнге төгеді... Осы әнді сол жылы күзде мен Бішкекте (ол кезде Фрунзе деп

тың творчествосына қатысты төрт ән болды ма, енді мені «Қош бол, Гүлсарыдағы» Танабай толғандыра бастады. Негізі, Танабай – Шыңғыстың әкесі Төреқұлдың інісі Керімбектің образы.

«Қош бол, Гүлсары!» повесінде қазақтар мен қырғыздардың көкпар тартатын жері бар. Ол – соғыстан кейінгі ауыр кезең. Көкпар біткесін қазақтар өзінің ауылына, қырғыздар (жылқышылар) өздерінің қостарына қайтады. Алайда Танабай қосқа қайтпай, қырғыз айылының, өз ауылының шетінде тұратын, күйеуі соғыста қаза тапқан әдемі, сұлу келіншек Бибіжанның үйіне беттейді. Екеуінің бұрыннан байланысы бар. Сонымен, Танабай көкпардан кейін Гүлсары атын жорғалағып, таудың ішінде келе жатыр. Сорғалаған бұлбұл үні болмаса, тау іші тыптыныш, тынып тұр. Танабайдың есілдергі тезірек Бибіжанға жету.



Облыстық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында аудан-ауылдарда табыс-кірісі аз отбасыларға тұрғын үй беру мәселесі талқыланды. Мәселен, «Отбасы банк» АҚ Бәйтерек ауданындағы шекараға таяу ауылда салынған бір үйді зейнет жасындағы апайға берген. Оның үйленетін жасқа жеткен бір ұлы бар. Алайда бұл үйде не апай тұрмайды, не ұлы қоныстанбаған. Осылайша көпбалалы отбасылар үшін салынған үй бос тұр. Ал үй иесі баспананы заңды түрде кезегі келгенде алған. Оны қалай және не үшін пайдаланатынын өзі шешеді.

Ясипа РАБАЕВА,
«Орал өңірі»

Мәди САЛЫҚ

Бұл мәселені «Орал өңірі» газетінің бас редакторы, Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық кеңесінің азаматтық қоғаммен байланыс комиссиясының төрағасы Бауыржан Ғұбайдуллин (суретте) көтерді. Елді мекендерде, әсіресе шекараға таяу орналасқан ауылдарда кезекпен берілетін тұрғын үйді бөлудегі кемшілікке тоқталды.



– Мен 2022 жылы Ұлытау төрінде өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысының назарына 6-7 мәселе ұсындым. Сол көкейкесті мәселелердің бірі – шекараға таяу елді мекендерді ел-жұртсыз қалдырмау, ол жердегі көші-қонды тұрақтандыру және халықтың көшіп баруына жағдай жасау. Бүгінгі мәселе де соған саяды. Үш апта бұрын Бәйтерек ауданында іссапарда болдым. Аудандық мәслихаттың хатшысы Нұрлыбек Хайруллин өздері тап келіп отырған мәселені айтты. Әкімдіктер көпбалалы отбасыларға салынған үйлерді өздіктерінен оларға бере алмайды. Себебі қазына қаржысына салынған үйлерді бөлу өкілеттігі «Отбасы банк» АҚ-қа берілген. Ал банктегілер заң арнасынан шыға алмайды. Үйді тек баспана алу кезегінде тұрған азаматтар алады. Осы мәселені аудандық мәслихаттың хатшысы Нұрлыбек Хайруллин қоғамдық кеңесте талқылауды ұсынды. Жоғарыда айтқандай, кезегімен алынған үйге иесі қоныстанбай, бос тұр. Бұл – тек бір облысқа немесе бір ауданға ғана тән мәселе емес. Кең байтақ Қазақстандағы шекаралас өңірлердегі аудан-ауылдарға қатысты өте күрделі мәселе. Онсыз да шекараға таяу елді мекендерден ел-жұрттың көшуін тия алмай отырғанда, бұл соққы үстіне соққы болып отыр. Сондықтан «Отба-

БАСПАНАНЫ БӨЛУГЕ жаңа тетік керек



сы банктің» осы бағыттағы саясатын өзгертуді қоғамдық кеңестің, облыс әкімдігінің аясында емес, парламент пен үкіметтің назарына дейін ұсыну қажеттігін баса айтар едім. Бұл терең көз жіберіп, барынша жан-жақты сараптап және жедел шешуді талап ететін мәселе, – деп түйткілді жайтты жеткізді Бауыржан Файзоллаұлы.



«Отбасы банк» АҚ БҚО филиалының директоры Нұржан Калишанов (суретте) айттып өткендей, 2025 жылдың 24 мамырынан бастап мемлекеттік тұрғын үй кезегін реттеу құзыреті «Отбасы банкке» берілді. Барлық облыс пен республикалық маңызы бар қаладағы тұрғын үй кезегіне тіркелген азаматтардың тізімі банкке өткізілді. Орталықтандырылған «Тұрғын үймен

қамтамасыз ету орталығы» цифрлық ақпараттық орталығы іске қосылды. Ол otken.otbasybank.kz порталында орналасқан. Бір айта кететін жайт, бұған дейін кезекке тұру үшін арнайы санаттағы азаматтар қарастырылған болса, енді бұл шектеулер алынып тасталды. Жаңа талаптарға сәйкес, соңғы бес жылда атына тұрғын үй тіркелмеген кез келген азамат баспана кезегіне тұра алады. Сондай-ақ жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылған қазақстандықтар да өтініш беруге құқылы. Аталған банк тұрғын үй мәселесін шешудің мынадай тәсіл-тәтігін ұсынып отыр. Біріншісі, жалдамалы пәтер ақысының бір бөлігін төлеу, екіншісі, жергілікті атқарушы құрылымдардың жалға берілетін тұрғын үйін бөлу, үшіншісі, несиелік бағдарламалар бойынша тұрғын үймен қамтамасыз ету. Нұржан Бауыржанұлының айтуынша, банк несиелік үйлерді бөлумен көп жылдан бері айналысып келе жатқандықтан, бұл салада проблема жоқ.

Банкке берілген маңызды функциялардың бірі – жергілікті атқарушы құрылымдардың жалға берілетін тұр-

ғын үйлерін бөлу. Бұрын бұл жұмыспен аудан және қала әкімдіктері айналысты. Қазіргі таңда жергілікті әкімдіктер аудан-қала аумағында жалға берілетін тұрғын үйлерді сатып алады және белгіленген тәртіппен банкке өткізеді. Пәтерлерді бөлу кезінде азаматтардың кезекке тұрған уақыты, кезекке тұрған санаты және табыс деңгейі міндетті түрде ескеріледі. Қазіргі таңда облыста тұрғын үй кезегіне тіркелген 44 033 азаматтың 28 958-і Орал қаласынан баспана алу тізімінде тұр.

– Орал қаласында тұрғын үй бөлуден ешқандай мәселе жоқ. Басты мәселе – аудандарда салынған және сатып алынған пәтерлерді бөлу процестерінің ұзақ болуы. Бұл ретте мынадай түйткілдерге тоқталғым келеді. Банкке өткізілген жалға берілетін пәтерлердің басым көпшілігі (86%) аудан орталықтарынан тыс, кей жағдайларда шалғай елді мекендерде салынған немесе сатып алынған. Аудандардағы үй кезегі жалпы, ортақ тізім бойынша жасақталады. Кезектегі азаматтардың қай аудан-ауылда тұратыны ескерілмейді. Аутоматты жүйе

пәтерді кезектілік негізінде санаттары мен отбасы мүшелері санын ескере отырып бөледі. Азаматтар өзі тұрмайтын ауылдан баспана ұсынылса, көбінесе бас тартады. Өйткені олар үйді өзі тұратын ауылдан немесе аудан орталығынан алғысы келеді. Тұрғын үйлер алдын-ала бөлінген соң, тізімдегі азаматтарға хабарлама жіберіледі. Оларға деректерін жаңалауға және келісім беруге 5 жұмыс күні беріледі. Осы уақыт ішінде жауап бермесе немесе пәтерден бас тартса, кезектегі келесі кісілерге ұсынылады. Міне, осы аралықта біраз уақыт өтіп кетеді. Тағы бір айта кететін жағдай, аудандардан банкке жалға берілетін тұрғын үйлердің көпшілігі (91%) – 3-4 бөлмелі, ауданы 80 шаршы метрден асатын жер үйлер. Тек Теректі ауданында ғана 1-2 пәтерлік үйлер бар. Аумағы, көлемі үлкен үйлер отбасы мүшелерінің саны бес адамнан асатын азаматтарға ғана ұсынылады. Жалғызбасты немесе отбасы мүшелерінің саны бес кісіге жетпейтін өзге санаттағы азаматтарға мұндай үйлер ұсынылмайды. Олар кезектің басында тұрса да. Өйткені электронды жүйе аутоматты түрде бес адамнан көп мүшесі бар жанұяны іздейді. Бұл да өзекті мәселе. Себебі кезектің соңында тұрған азаматтың отбасы бұл талапқа сәйкес келсе, соған беріледі. Осылайша кейбір адамдардың наразылығын тудырады. Сондықтан аудан әкімдіктері алдағы уақытта салатын немесе сатып алатын үйді жоспарлағанда осы мәселеге назар аударып, бір-екі бөлмелі пәтерлерді де қарастырғаны жөн деп ойлаймын. Аталған мәселелерді ескере отырып, «Отбасы банк» елді мекендердегі жалға бері-



летін тұрғын үйлерді бөлу үдерісін оңтайландыру және тиімділігін арттыру мақсатында уәкілетті құрылым ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне ұсынысын өткізді. Біздің ұсынысымыз – аудан деңгейінен төмен елді мекендерде салынған тұрғын үйлерді бөлу процесін өтініш беру негізінде (заявительный характер) өткізу, – дей келе Нұржан Калишанов банк ұсынысының жай-жапсарын түсіндіріп өтті.

Банк директорының айтуынша, жалға берілетін баспаналарды да несиелік тұрғын үйлерді бөлу үрдісіне ұқсаттыру қажет. Ол үшін үй алуға алдын ала өтініштер қабылданады. Тұрғын үй банкке өткізіліп, порталға салынғаннан кейін, азаматтарға үй алуға (конкурстық негізде) өтініш беруге болатыны хабарлануы керек. Келіп түскен өтініштер кезекке тұрған уақыты, санаттары мен отбасы мүшелерінің санына қарай тізімделеді. Бұл жағдайда азаматтар өз қалауымен өтініш беретіндіктен, үйден бас тарту да азаяды. Баспана бөлу үдерісінің (процедураларының) мерзімдері де қысқаруы мүмкін. Банк директорының айтуынша, аталған министрлік осы ұсыныстар бойынша қажетті заңнамалық актілерге өзгеріс енгізу мақсатында ҚР Парламентінің Мәжілісіне өтініш жіберген.

ӘРКІМНІҢ ҮЙ АЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР

Қоғамдық кеңес отырысында үй салу мен беру мәселесі қызу талқыланып, сұрақтар да қойылды. Кеңес төрағасы Бауыржан Атауов: «Мақсат айқын, ой дұрыс болғанымен, оңтайлы жұмыс істейтін тетік-механизм жоқ. Мұқтаж адамның үйге қолы жетпейді», – деді. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Қанат Өмірәлиевтің айтуынша, өңірде шекараға таяу елді мекендерге салынған үйлерге азаматтарды қоныстандырудың шешімі бар. Бұл бағытта «Қаладан ауылға» бағдарламасы іске асып жатыр.

– Аудан әкімдіктері стратегиялық жоспарларына сәйкес өздерінің қаражатына ауылдарға үй сала алады. Онда қаладан ауылға барғысы келген азаматтарды қоныстандыра алады. Ал «Отбасы банк» республикалық қаражатқа салынған табыскірісі аз отбасыларға арналған тұрғын үй кезегін реттейді. Аудан әкімдіктері бұл үйлерді де қай жерге салуды жоспарлай алады. Баспаналар арнайы кезекпен беріледі. Қазір аутоматтандырылған жүйе бәрін шешеді. Азамат-



Нұржан КАЛИШАНОВ, «Отбасы банк» АҚ БҚО филиалының директоры:

– Ақпараттық-цифрлық жүйе үй бөлуді әділ өткізу үшін жасалған. Себебі бұрынғыдай аудандық тұрғын үй комиссиялары жоқ. Бұл жерге адами фактор араласпайды. Көпбалалы отбасы бірнеше бөлмелі пәтерге ие болады. Тек бұл жердегі бір мәселе олардың тұрғылықты жері ескерілмейді. Алайда бұл талаптың да дұрыс жағын ескерген жөн. Мысалы, кейбір ауылдарға үй салынбайды. Сонда ол ауылдың адамдары баспаналы бола алмай ма? Олардың да құқығы ескерілуі тиіс емес пе?! Мүмкін басқа ауылға көшіп барғылары келетін шығар. Егер Мереке ауылында салынған үй тек сол ауылдың тұрғындарына берілетін болса, онда басқа ауыл азаматтарының құқығы шектеледі. Сондықтан баспана кезегі аудан бойынша түзіледі. Үй кезекте тұрғандардың бәріне ұсынылуы керек. Егер бас тартса, келесі азаматқа ұсынылады.



Нұрлан СӘДІР, қоғамдық кеңес мүшесі:

– Шекара аумағындағы елді мекендерге баспана кезегіне қатысты артықшылық беріле ме? Арнада алған үйдің қасына қора-қопсы салуға болмайды деген шектеу рас па? Бұл қаншалықты дұрыс?

Нұржан КАЛИШАНОВ, «Отбасы банк» АҚ БҚО филиалының директоры:

– Шекараға жақын орналасқан елді мекендерге бөлек мәртебе берілмеген. Облыстардың бәрінде бірдей ауылдық жерлердегі тұрғын үйді бөлуге қатысты мәселе жоқ. Себебі кей өңірде үйлер тек аудан орталықтарында салынады. Өңірдегі аудан әкімдерінің айтуынша, салынып тұрған үйлерге көшіп барғысы келетін азаматтар бар. Бірақ кезекке тұрған уақыты сәйкес келмейді. Себебі олардың алдында әлі көп адам тұр. Біз ұсынған өзгеріске сәйкес үй бөлуге өтініш беріп қатысатын болса, мәселе шешіледі деп ойлаймын. Яғни мүдделі

адам өзі таңдау жасайды. «Отбасы банкке» берілген функция – арендалық үйлерді бөліп беру. Одан әрі жалға беру шартын жасасу, оның ақысын қабылдау, үйді балансқа алу мәселесі жергілікті атқарушы құрылымдардың еншісінде. Сіз айтқандай «қора-қопсы салмау керек» деген талап әкімдіктің талабы болуы мүмкін. Банк ондай мониторинг жүргізбейді.

Қанат ӨМІРӘЛИЕВ, облыстық энергетика және тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары:

– 2024 жылға дейін жалға берілетін үйді сатып алуға рұқсат берілмеді. Қазір қора-қопсы салу үшін алдымен үйді жекешелендіру керек. Себебі ол үй басқарманың құзырында (балансында) болғандықтан, ол жерге салынған ғимаратты заңдестіре алмайды. Сондықтан енді бүгін алған үйді ертең жекешелендіруге болады. Бастапқы 10 пайыз жарнаны төлейді. Егер үйдің құны 15 млн теңгеден жоғары болса, қалған қаржыны 15 жыл төлейді. Егер құны 15 миллионнан кем болса, 10 жыл төлейді.

Қоғамдық кеңесте ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «ҚАЗСУШАР» ШЖҚ РМК

БҚО бойынша филиалының директоры Рауан Хусаинов шаруашылығындағы жұмысты баяндады. Мысалы, Қараөзен мен Сарыөзен өзендеріне қатысты су қоймаларының, 61 пайызы толған. Қазақстан және Ресей үкіметтері арасындағы келісімшартқа сәйкес ресейліктермен 42,0 млн текше метр Еділ суын беруге келісімшарт жасалған. Филиал аталған көлемді 100,0 млн текше метрге жеткізу үшін қосымша 60 млн текше метр су беруге республикалық бюджетке өтінім ұсынған. Бүгінде Жәнібек суландыру-суару жүйесі қайта жаңғыртылуда. «Ислам даму банкі» есебінен Казталов ауданы аумағында аумағы 28,0 млн текше метр су қоймасын салу қарастырылуда. Тасқала ауданындағы Жайықбай суландыру каналын қайта жаңғырту жобасына мердігер болып «Қазкомсервис» ЖШС анықталған.

Кеңесте сондай-ақ облыстық мәслихаттың «Батыс Қазақстан облысының қалалар мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы сөз болды. Қоғамдық кеңестің алдағы отырысында өңірдегі жемшөп дайындаудың жай-жапсары, киіктің шабындық пен жайылымға әсері, оңтүстік аудандардағы мал ауруларына қатысты мәселе қаралатын болды.



Жуырда облыстық қоғамдық кеңесте осы кеңестің азаматтық қоғаммен байланыс комиссиясының төрағасы, «Орал өңірі» газетінің бас редакторы Бауыржан Ғұбайдоллин көтерген мәселе тағы да қаралды. Онда 23 сәуірде өткен кеңес отырысына қатыса алмаған кейбір сала басшылары мәселеге қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Мысалы, облыстық стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы Бибігүл Қонысбаева: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына таяу елді мекендерді дамыту туралы» заң қабылданатын болса, шекараға таяу елді мекендерге, меніңше, арнайы мәртебе берілгені жөн. Бүгіндері шекара маңындағы елді мекендердің тізімі түзілуде. Сондықтан «Отбасы банктің» басшылығы шекара маңындағы ел-жұртқа арнайы санат берілуіне мүдделілік танытуы керек деп ойлаймын», – деді.

Қоғамдық кеңестің төрағасы Бауыржан Атауов айттып өткендей, кеңес мүшелерінің, сала басшылары мен «Отбасы банк» филиалы басшылығының мәселеге қатысты ұсыныс-пікірі негізінде ел Парламенті мен Үкіметке ұсыныстар жолданбақ.



Тәрбие отбасынан басталады


Халықаралық отбасы күніне орай Достық үйінде «Берекелі отбасы» атты өнегелі отбасылармен мерекелік кездесу өтті. Тағылымы мол іс-шараның басты мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеп, ұзақ жыл бойы тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқан үлгілі жан-ұялардың өмір жолын жастарға өнеге ету.

Түгелбай БИСЕН,
«Орал өңірі»

Мәди САЛЫҚ

Мерекелік жиынға облыстық аналар кеңесінің мүшелері, ардақты ақсақалдар, жастар және өңірге үлгі болып жүрген отбасылар қатысты. Іс-шараны БҚО ҚХА Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Жамал Ихсанова жүргізіп, отбасының қоғамдағы орны мен тәрбиелік мәніне тоқталды. Жамал Сағынғалиқызы өз сөзінде әкенің парасаты мен ананың мәдениеті саналы да сапалы ұрпақ қалыптастыратынын атап өтті.

– «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» атты жобамыз бар. Ұлттық мәдениеті мен рухани болмысы ананың тәлімі арқылы ұрпақтан-ұрпақ-



қа жалғасады. Анасы өнегелі, парасатты елдің болашағы да жарқын болады. Себебі мәдениетті ана саналы ұрпақ тәрбиелейді, ал саналы ұрпақ – мемлекет тірегі. Бүгінгі қоғамда ананың орны ерекше. Ол – отбасының ұйытқысы, берекенің бастауы, ұлт тәрбиесінің алтын діңгегі. Сондықтан аналарды құрметтеу, олардың тәрбиелік рөлін дәріптеу – баршамыздың ортақ парызымыз, – деді Жамал Ихсанова.

Одан соң «Ақ отау» отбасы орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Алтынай Есқалиева сөз алып, отбасы мемлекеттің іргетасы екенін атап өтті.

– Ұрпақ тәрбиесі ең алды-

мен отбасынан басталады. Берекелі шаңырақ – ел болашағының кепілі. Осындай өнегелі отбасылардың тәжірибесін кейінгі буынға насихаттау – баршамызға ортақ міндет, – деді ол.

Іс-шара барысында Латиев, Досқалиев, Ұланов, Муталипов және Қайырғалиевтер әулеттерінің өкілдері сөз алып, отбасы татулығының сырымен бөлісті. Қонақтар бала тәрбиесі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ұлттық құндылықтарды сақтау жөнінде тағылымды әңгіме өрбітті. Сондай-ақ жастарға ақыл-кеңестерін айтып, бақытты отбасының басты тірегі сыйластық пен түсіністік екенін жеткізді.

Саналы ғұмырын ауыл шаруашылығы саласына арнаған Қонысбай Қайырғалиев қазір Бәйтерек ауданына қарасты Белес ауылында тұрады. Бес перзентін тәрбиелеп өсірген отбасы осы күні немере-жиендерінің қызығына тоймай, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Отбасының ұйытқысы болып отырған Қонысбай ағамыз елдің амандығы мен тыныштығын сақтау отбасындағы тәрбиеден басталатынын айтады.

– Отбасы – адам өміріндегі ең қасиетті ұғым. Берекелі шаңырақ – елдің тыныштығы мен қоғамның тұрақтылығының негізі. Әр әке мен ана өз отбасында татулық пен сыйластықты сақтай білсе,

еліміздің де іргесі берік болады. Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел тірегі. Сондықтан бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды, үлкенге құрмет пен кішіге ізетті ұмыттырмай, саналы ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз. Отбасындағы бірлік пен мейірім – кез келген қиындықты жеңетін үлкен күш, – дейді Қонысбай аға.

Кездесу еркін пікір алмасу сипатында өтті. Қатысушылар отбасылық өмірдегі тәжірибелерімен бөлісті. Жас буын тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріліп, тәрбиелік мәні зор ойлар айтылды. Кеш соңында қатысушы отбасыларға құрмет көрсетіліп, арнайы сыйлықтар мен гүл шоқтары табысталды. Сонымен қатар «Отбасы аманаты» тілек кітабына әр отбасы жастарға арнап жүрекжарды тілектерін жазып қалдырды. Бұл тағылымды бастама көпшілік көңілінен шықты.

Жиын ақсақалдың ақ батасымен қорытындыланды. Ел амандығы мен отбасы бірлігі тілеген ақжарма бата іс-шараның мазмұнын айшықтай түсті. Осындай тәрбиелік мәні зор басқосулар ұлттық құндылықтарды ұлықтап, отбасы институтын нығайтуға зор үлес қосары анық.

«МАНСАП КҮНІ – 2026»

түлектерге жол ашты

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде дәстүрлі «Мансап күні – 2026» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Университеттің Спорт сарайында ұйымдастырылған іс-шараға профессор-оқытушылар құрамы, түрлі мекеме өкілдері мен бітіруші түлектер қатысты.

Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА,
«Орал өңірі»

Жәрмеңкенің мақсаты – жас түлектерге еңбек нарығында өз орнын табуға көмектесу, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнату, кәсіби бағыт-бағдар беру және студенттердің болашақ мамандығына бейімделуіне қолдау көрсету. Іс-шарада «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б. в.» компаниясы, «ABYROI SCHOOL Oral» ЖШС және Орал қаласының жер қатынастары бөлімінің өкілдері бос жұмыс орындарын ұсынды. Сонымен қатар «Жайық Пресс» медиахолдингі, «СП BEST» өнер мектебі және «Арт-Эль» дизайн

студиясы, Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театры, OQU SCHOOL» ЖШС жәрмеңкеге белсенді қатысты.



Жәрмеңкеде М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Гүлжан Қайсағалиева (суретте) сөз сөйлеп, жастарды жұмыспен қамту мен олардың кәсіби дамуына жағдай жасау оқу орны қызметінің басым бағыттарының бірі екенін ерекше атап өтті.

– Университетте дәстүрлі түрде мамыр айында «Мансап күні» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Биыл оқу орнын шамамен 1600 түлек тәмамдамақ. Оның ішінде 1000-нан астамы – педагогикалық бағыт бойынша білім алған студенттер. Сонымен қатар университет мәдениет және өнер, экономика, бизнес, құқық, журналистика, ақпарат және қоршаған орта салалары бойынша да мамандар даярлайды. Жәрмеңкеге тек қала мен облыс көлеміндегі

мекемелер ғана емес, Атырау мен Маңғыстау өңірлерінен келген білім беру, мәдениет және өнер ұйымдарының басшылары мен өкілдері де қатысып отыр. Жыл сайын түлектеріміздің 80 пайыздан астамы жұмысқа орналасады. Бұл – Қазақстан бойынша орташа көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда жоғары нәтиже, – деді Гүлжан Смайылқызы.

«Мансап күні – 2026» бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде облыстық және қалалық жұмыспен қамту орталықтары, мемлекеттік мекемелер, білім беру және мәдениет, қаржы ұйымдары, құқық қорғау құрылымдары, сондай-ақ ірі кәсіпорындар мен жеке компанияларды қоса есептегенде 70-ке жуық мекеме өз жұмысын таныстырды. Атырау қалалық білім беру бөлімінің әдіскері Масакаева Нұргүл (суретте) қала мектептерінде педагог мамандарға сұраныс жоғары екенін айтты.



– Атырау қаласында 71 мектеп бар. Соның ішінде орыс тілінде білім беретін мектептерде бастауыш сынып мұғалімдері, сондай-ақ тарих, математика және физика пәндерінің мамандары жетіспейді. Бүгінгі жәрмеңкеге арнайы келіп, жас мамандарды жұмысқа тартуды көздеп отырмыз, – деді ол.

Іс-шара барысында жұмыс берушілер арнайы дайындалған стендтер мен ақпараттық алаңдарда өз ұйымдарының қызметін таныстырып, бос жұмыс орындары мен тағылымдамадан өту мүмкіндіктері туралы мәлімет берді. Бітіруші түлектер түйіндемелерін ұсынып, көкейлеріндегі сұрақтарына жауап алды. Сонымен қатар QR-код арқылы онлайн өтінім жолдау мүмкіндігі де қарастырылды. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мәдениет және өнер факультетінің 4-курс студенті Ақниет Дәулетиярова (суретте) жәрмеңкеге үлкен үмітпен келгенін айтты.

– Мен көркем еңбек және



дизайн мамандығы бойынша білім алдымын. Осы бос жұмыс орындары жәрмеңкесі арқылы мамандығым бойынша білім беру саласына жұмысқа орналасқым келеді. Болашақта оқушылармен жұмыс істеп, педагогика саласында тәжірибе жинап, өзімді кәсіби дамуға дамытуды мақсат етемін, – деді Ақниет есімді студент.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті алдағы уақытта да түлектердің табысты жұмысқа орналасуына, кәсіби дамуына және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастырады.



18 мамыр - Халық-аралық музей күні. Бұл күн - үнсіз тұрған жәдігерлердің сөйлейтін, көненің көзі қайта жаңғыратын, ұлт жадын сақтаған қасиетті орындардың қадірі айрықша сезілетін мереке. Өйткені музей - жай ғана көне бұйымдар қоймасы емес. Ол - халықтың жүріп өткен жолы, жоғалтпаған жады, ұрпаққа аманаттар рухани кеңістік. Ал тарихтың өз тілі болса, ол - жәдігерлер.

Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі соңғы жылдары дәл осындай рухани орталыққа айналып келеді. Бүгінде аудан шежіресін түгендеген қарашаңырақ тек жәдігер сақтайтын орын емес, ғылыми ізденіс пен тарихи танымның, ұлт руханиятының маңызды алаңына айналды. 2025 жылы облыс музейлері арасында үздік атанған музейдің меңгерушісі, өлкетанушы, «ҚР Тәуелсіздігіне - 25



жыл» медалінің иегері Айнагүл Ойшыбаймен (суретте) музейдің өткені мен бүгінгі, келешегі туралы кеңінен әңгімелескен едік.

Кейінгі жылдары аудандық музейдің жәдігерлер қоры 1000 данадан 6000-нан астам экспонатқа жеткен. Айнагүл Ойшыбайдың айтуынша, Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің негізі 1997 жылы қаланған. Ал 2004 жылы қайраткер азамат, ҚР Халық ағарту ісінің үздігі Марат Қадыров музейді жүйелеп, облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлімшесі ретінде қалыптастыруға ұйытқы болған. Сол кезеңде Роза Жакиева мен Гүлшат Сәлімгереева музей қорын толықтыруды бастапты.

- Біз сол игі істің жалғастырушыларымыз, - дейді музей меңгерушісі. - Ол кісілер музейге түскен дүниелердің бірін де жоғалтпай, сақтап жеткізген. Ал біз кейін құжаттандыру жұмысын қолға алдық.

Айнагүл ханым музейге қызметке келген 2012 жылы қорда небәрі 380 шақты жәдігер болғанын еске алады. Оның өзінде музейдің дербес қоры болмапты. Бүгінде экспонат саны 6500-ден асып жығылады.

- Әр жәдігер - өз заманының үні мен тынысы. Алғашқы жылдары ауылдарды аралап, көне дүниелерді үй-үй-

ден жинадық. Қазіргі кезде халықтың көзқарасы өзгерді. Адамдар жәдігерлерін өздері іздеп келіп тапсырады. Бұған қоса жыл сайын «Музейге сый» акциясын өткіземіз. Түрлі ғылыми экспедициялар да қорымыздың толығына ықпал етті. Ғалымдар арнайы келіп, кітапханаларда жоқ сирек жинақтарын музейге сыйға тартып жатады, - дейді ол.

Шынында да, халықтың музейге деген ықыласының артуы - қоғамның тарихи са-

наға бет бұрғанының көрінісі. Бұрын аудандық мәдениет үйінің бір бұрышына паналап келген музей бүгінде жаңа тынысқа ие. Екі бірдей ғимарат музей теңгеріміне беріліп, дербес мәдени нысанға айналған.

- Жеке ғимараты болмай, жетімнің күйін кешкеніміз рас, - дейді Айнагүл Ойшыбай. - Аудан басшылары үлкен қолдау көрсетті. Енді жаңа ғимарат жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Жаңа кеңістіктің басты артықшылығы - экспозициялық мүмкіндіктердің артуы. Музей жол бойында орналасқандықтан, өңір тарихына қызығатын жолаушылардың да назарын аударуға ыңғайлы.

- Музей тірі ағза секілді. Үнемі жаңарып тұрмаса, келуші жалығады. Сондықтан жаңа экспозициялар, жаңа сипаттар қажет. Қазір толыққанды жұмыс кабинеттері, оқу-ағарту залдары, мәжіліс бөлмелері жасақталған. Бұл келушілерге де, музей қызметкерлеріне де қолайлы орта қалыптастырады, - дейді ол.

Биыл музей ұжымы «Ауылдан музейге» атты жаңа жобаны бастаған. Жоба аясында округ әкімдері ауылдағы қарияларды, көпбалалы аналарды, мекемелердегі кіші қызметкерлерді, ауылдан көп шыға бермейтін тұрғындарды музейге әкелуді ұйымдастырмақ.

- Негізгі мақсат - қарапайым ауыл тұрғындарының музейге деген қызығушылығын арттыру. Бұдан бөлек түрлі байқаулар, «Музей түні», «Кешкі музей», «Музейге сый» акциялары жалғаса береді. Әр іс-шара адамға рухани азық беруге тиіс. Сондықтан музей мамандары үнемі ізденісте жүреді, - дейді музей басшысы. Кейінгі жылдары музей жанынан тарихи анықтамалықтар мен ғылыми баяндамалар жинақтарының жарық көруі де осы ізденістің жемісі.

Музей ұйымдастырған ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен тарихи-танымдық экспедициялар тың деректердің табылуына жол




Тарихтың тілі - музей



ашқан. Экспедициялар барысында музей қызметкерлері Ресей астанасы - Мәскеуге, Алаш тарихының алтын бесігі - Семейге, Сырым батыр жерленген Өзбекстандағы Гүрленге дейін барған.

- Әр сапар сайын жаңа деректер кездеседі, - дейді Айнагүл ханым. - Соның бірі - Жаһанша Досмұхамедовтің жерленген жерінің анықталуы және дипломдық жұмысының табылуы. Оның тұрған үйін көріп, жатқан жеріне зиярат еттік. Ұрпақтарының баруына себепші болдық. Алаш тақырыбына арналған бірнеше құнды жинақ та осы ізденістердің нәтижесінде жарық көрген.

Музей ұжымы Сырым Датұлы мен Абдолла Жұмағалиевке қатысты зерттеулерді де



жүйелі жалғастырып келеді. Әсіресе Ресей Федерациясы Мәскеу облысындағы экспедициялар барысында Абдолла Жұмағалиевтің соңғы шайқас өткен жері нақтыланған.

- Оның неміс әскеріне қарсы көрсеткен ерлігі, өртеніп қаза тапқан жері анықталды. Абдолла туралы біздегі барлық мәліметті Мәскеу облысындағы Волоколамск Кремлі музейіне тапсырдық, - дейді музей жетекшісі.

Қазіргі заман технологиялары музей ісіне де дендеп еніп келеді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Жасаңды интеллект және цифрлық даму жылы деп жариялағаны белгілі. Бұл бастама музей саласына да тың міндеттер жүктейді.

- Музей заман жаңалықтарынан шет қалмауы керек, - дейді Айнагүл Ойшыбай. - Қазір облыстық тарихи-өлкетану музейі электронды каталогтар әзірлеуде. Біздің музей де сол жүйеге кіреді. «Сақтау» қосымшасы арқылы музей қорын электронды сипатта сақтау басталып кетті. Дегенмен музей басшысы виртуалды кеңістіктің мүмкіндігін мойындағанымен, шынайы жәдігердің орны бөлек екенін айтады.

- Виртуалды әлем әдемі көрінуі мүмкін. Бірақ көзіңмен көрген тарихи дүниенің әсері мүлде басқа, - дейді ол. Бүгінде Сырым аудандық музейі жылына екі жарым мыңға жуық адамға қызмет көрсетеді. Ал алдағы жоспар одан да ауқымды.

- Музей тек жәдігер сақтайтын орын емес. Ол - түрлі алаңдардың орталығы, тарих сапарына шыққан адамға бағыт беретін шамшырақ. Болашақта музей қорындағы материалдардың негізінде арнайы кітаптар сериясын шығарғымыз келеді. Келушілер санын екі есе арттырып, музейдің табысын көбейту де жоспарымызда бар, - дейді музей меңгерушісі.

Айнагүл ханымның айтуынша, әрбір тұрғын өз ұрпағын музейге ертіп келіп, келген қонағына туған өлкесін танытатын рухани жанашырға айналуы керек.

- Ұстаздар ашық сабағын музейде өткізсе, студенттер дипломдық жұмысын осында отырып жазса, той жасаған қазақ құдаларын музейге әкеліп, туған жерін танытса, біздің еңбегіміздің ақталғаны. Музейді тек аудан көлемінде емес, алыс-жақын шетелдерге таныту үшін де нақты жоспарларымыз бар, - дейді ол.

Тарих - өткеннің көлеңкесі емес, болашақтың бағдаршамы. Ал сол тарихтың үнін өшірмей, ұлт жадын ұрпаққа жалғап тұрған орын - музей. Сырым музейі бүгінде дәл сондай қасиетті міндетті абыроймен атқарып келеді.

**Бауыржан ШИРМЕДИНҰЛЫ,
Сырым ауданы**



Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз

Халық даналығы «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді. Шәкіртінің жүрегіне жол таба біліп, санасына сәуле құйған, терең ойлауға, биік армандауға баулыған нағыз ұлағатты жанның бірі – Мәрия Бикеева.

Мәрия Сисенқызы 1946 жылы 3 маусымда бұрынғы Зеленов ауданындағы Логашкин ауылында дүниеге келді. Бала кезінен зеректігімен, алғырлығымен, өнер-білімге құштарлығымен көзге түсті. Мектеп қабырғасында озат оқушы атанып қана қоймай, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді. Осы белсенділігінің арқасында атақты бүкілодақтық «Артек» пионер лагеріне екі мәрте жолдама алып, таным көкжиегін кеңейтіп қайтты.

1965-1969 жылдары Орал қаласындағы А. Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология факультетін үздік бітіріп, жас маман ретінде жолдамамен бұрынғы Тайпақ ауданындағы Қурайлысай, қазіргі Жұбан ауылындағы Талап орта мектебіне қызметке орналасты. Осы білім ұясында 45 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен мыңдаған шәкіртті білім нәрімен сусындатты.

Мәрия Сисенқызы үшін мұғалімдік – жай мамандық емес, бала күнгі асқақ арманы, өмірлік мұраты болды. Бастауыш сыныпта сабақ берген алғашқы ұстазы Фарида апайдың жарқын бейнесі оның жүрегінде мәңгі сақталып, сол кісідей болсам деп ойлайтын.

Ол әр сабағын нағыз шығармашылық ізденіске айналдыратын. Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, уақытты тиімді пайдалануға, ойын жүйелі жеткізуге баулыды. «Баланың тәрбиесі – бесіктен» екенін естен шығармай, олардың рухани әлемін байытуға, адамгершілікке тәрбиелеуге бар күш-жігерін салды. Нәтижесінде шәкірттері тек білімді ғана емес, ұйымшыл, көпшіл, елін сүйер нағыз азамат болып қалыптасты. Оның алдын көрген ұл-қыздар бұл күндері еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салада жемісті еңбек етіп жүр. Дәрігер, инженер, заңгер, кәсіпкер, ал ең бастысы – ұстаздың жолын қуған оңдаған мұғалім бар. Олардың қай-қайысы да 45 жыл бойы тәлім берген ұстазын ұмытпай, үнемі хабарласып, хал-жағдайын біліп, ақыл-кеңесін алып тұрады. Бұл – ұстаз үшін ең үлкен бақыт.

Мәрия Бикеева жоғары санатты, ізденімпаз педагог ретінде танылды. Оның жетекшілігімен дайындалған оқушылар орыс тілі пәнінен аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларда топ жарып, мектептің мерейін үстем етті. Ж. Айтқалиева, Ж. Мұсағалиева, Л. Жұмағалиева, Ж. Оразғалиева сынды талантты шәкірттері облыс мақтаншына айналды. Ал апалы-сіңлілі Жазира мен Өтегүл Рысқазиевалар (1989, 1990, 1991 жылдары аудан, облыс, республикалық олимпиада) республикалық олимпиаданың жүлдегері атанды. Осы жеңіс үшін облыстық білім басқармасы ұстаздың ерен еңбегін бағалап, Н. Некрасовтың сирек кездесетін үш томдық шығармалар жинағын сыйға тартты. Мәрия ұстаздың шәкірті Жазира Рысқазиева бұл күндері Орал қалалық білім бөлімінде бөлім басшысы болып қызмет атқаруда.

Қырық жылдан астам ғұмырын тек ұстаздыққа емес, мектептегі орыс тілі мен әдебиеті пәні бірлестігіне жетекшілік етуге де арнады. Жас мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдауға, сабақты жаңаша түрлендіріп өткізуге, озық тәжірибе тарауға өлшеусіз үлес қосты. Оның «Ашық сабақ», «Шеберлік сыныбы», «Авторлық бағдарлама» атты әдістемелік жұмыстары әлі күнге дейін жас ұстаздарға үлгі.

Ұлағатты ұстаздың ұзақ жылғы адал еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. 1982 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен, көптеген аудандық, облыстық, республикалық Құрмет грамоталарымен, алғысхаттармен марапатталды. Тәуелсіздік жылдары да ерен еңбегі ескеріліп, 2024 жылы ҚР Оқу-ағарту министрінің алғысхатына ие болды.

2004 жылы құрметті зейнет демалысына шықса да, мектеппен байланысын үзген жоқ. Өзі негізін қалаған дәстүрлі іс-шараларға қатысып, жас ұстаздарға бағыт-бағдар беріп отырады.

Өмірлік жары, мектептің бұрынғы директоры Еркін Жұмашевпен бірге төрт перзент тәрбиелеп өсірді. Өкінішке қарай, жары ерте бақилық болды. Мәрия әжей – ардақты ана, аяулы әже, немере-шөберелерінің қызығын көріп отырған бақытты жан. Перзенттерінің бәрі – жоғары білімді, елге сыйлы азаматтар. «Балаларым аман, ел тыныш болса, одан артық бақыт бар ма?» деп отырады ұлағатты ұстаз.

«Маған берілген грамота, төсбелгінің бәрінен де шәкірттеріміздің «Апай, көп рақмет!» деген бірауыз сөзі қымбат», – дейді Мәрия апай. Расында, 45 жылда мыңдаған баланың көкірегіне сәуле құйып, үлкен өмірге жолдама берген ұстаздың еңбегі ешқашан өлмек емес.

Биыл Мәрия Сисенқызы 80 жас мерейтойын атап өтпек. Осы айтулы күн қарсаңында 1982 жылғы түлектер, барша шәкірті, әріптестері мен ауылдастары атынан асыл ұстазға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз!

Зибаш ШӘРІПҚЫЗЫ,
Орал қаласы

Аутоматтандыру – өндірістің болашағы

Қазіргі таңда әлемдік өндіріс саласы қарқынды дамып, цифрландыру мен аутоматтандыру технологияларына негізделіп келеді. Осы үдерістің негізгі қозғаушы күші – өндірістік процестерді тиімді басқаруға қабілетті білікті инженер мамандар. Сондықтан «Аутоматтандыру – өндірістің болашағы» деген ұстаным бүгінгі күннің өзекті бағытына айналып отыр.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде 6B07105 – «Аутоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша заманауи талаптарға сай мамандар даярлауды жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама өндірістік саланың сұранысына толық жауап беретін, инженерлік-техникалық білімді терең меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

Университетте студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, оқу үдерісі заманауи зертханалық кабинеттермен толық қамтамасыз.

«Елін қорғаған ерлер – ұрпаққа үлгі»


Қарағанды ауылдық кітапханасында 1-сынып оқушыларының қатысуымен «Елін қорғаған ерлер – ұрпаққа үлгі» атты әдеби-танымдық басқосу өтті. Тағылымы мол іс-шара жас оқырмандарға патриоттық тәрбие беруді мақсат етті. Жиын шымылдығы әнұранмен ашылып, балалардың көңіл күйін көтерді.

Жас бүлдіршіндер Отанға деген сүйіспеншілігін ерекше ықыласпен жеткізді. Іс-шара барысында кітапханашы «Батырлар жыры – ел қорғаны» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Оқушылар қазақ халқының батырлық эпостарымен танысып, елін қорғаған ержүрек қаһармандар туралы құнды мәліметтер алды. Көрмеде Алпамыс батыр мен Қобыланды батыр сынды халық батырларының ерліктері балалардың қызығушылығын арттырып, рухани әсер сыйлады. Кеш барысында оқушылар белсенділік танытып, түрлі танымдық ойынға қатысты. Әсіресе «Отан туралы мақал-мәтелдерді құрастыр» ойыны балалардың ойлау қабілетін дамытып, туған жерге деген құрметін арттыра түсті. Олар берілген суреттер арқылы мақал-мәтелдерді құрастырып, өз ойларын ортаға салып, еркін пікір алмасты. Сонымен қатар «Менің Отаным» тақырыбында ұйымдастырылған бөлімде балалар ойын білдіріп, елге деген ыстық ықыласын жеткізді. Бұл сәт кештің тәрбиелік мәнін тереңдете түсті.

Іс-шара соңында кішкентай оқырмандар алған әсерімен бөлісіп, танымдық кештің ерекше ұнағанын айтып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты. Осындай мазмұнды іс-шаралар арқылы жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілік, Отанға деген құрмет қалыптасатыны сөзсіз. Болашағымыз бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Гүлжауһар ЕСЕНТАЕВА,
Қарағанды ауылдық кітапханасының меңгерушісі,
Берлі ауданы





Бетті жауып жүруге болмайды!

Облыстық полиция департаменті тұрғындарға қоғамдық орындарда адамның жеке басын тануға кедергі келтіретін киімдерді киюге қатысты заңнама талаптарын тағы бір мәрте еске салады. Осыған байланысты түсіндіру жұмыстары облыс орталығындағы ірі сауда-ойын-сауық орталықтарының бірінде ұйымдас-тырылды. Іс-шара барысында полиция қызметкерлері азаматтарға қоғамдық орындарда бет-жүзді толық жабатын киімдер мен аксессуарларды киюге тыйым салынатынын түсіндірді. Атап айтқанда, никаб, бурка, балаклава және адамның бет-әлпетін тануды қиындататын өзге де заттарды пайдалануға шектеу қойылған.

Полиция департаментінің мәліметінше, мұндай талаптар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, құқықбұзушылықтардың алдын алуға және бейнебақылау жүйелері арқылы тұлғаларды сәйкестендіру тиімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар заңнамада бірқатар ерекшелік қарастырылған. Медициналық көрсеткімдер болған жағдайда маска тағуға, сондай-ақ қолайсыз ауа райында, қызметтік міндеттерді орындау кезінде немесе спорттық, мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысу барысында бет жабуға рұқсат етіледі. Бұл шектеулер егер адамның бет-жүзі ашық болса, дәстүрлі, ұлттық және діни киімдерге қолданылмайды.

Құқық қорғау құрылымдары талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын ескертеді. Алғаш рет тәртіп бұзған азаматтарға ескерту жасалса, бір жыл ішінде қайталанған жағдайда әкімшілік айыппұл салынады. БҚО полициясы тұрғындарды заң талаптарын сақтауға және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге түсіністікпен қарауға шақырды.

Өз тілшіміз

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды: Саралжын жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді іздеу бойынша барлау жұмыстарының жобасына Ықтимал әсер ету туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар келесі аудандарда өтетінін хабарлайды:

Казталов ауданы бойынша:
Ақпәтер ауылы, Ақпәтер көшесі 24, Ақпәтер мәдениет үйі, өткізу уақыты: 23 маусым 2026 ж., сағат 10:30. 49.831458 с.ш., 49.271464 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/87230913385?pwd=W1UGCyM5M3lBvcwKZidPdfBnqSG2C.1>

Конференция идентификаторы: 872 3091 3385, кіру коды: 51048.

Бостандық ауылы, ҚР Тәуелсіздікке 10 жыл көшесі 35, Мәдениет үйі, өткізу уақыты: 23 маусым 2026 жыл, сағат 16:00. 49.635081 с.ш., 48.899506 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/84319053850?pwd=wlcxr6HGczL6a3xRqwiOk3ZlshYAKg.1>

Конференция идентификаторы: : 843 1905 3850, кіру коды: 524134.

Жаңажол ауылдық округі, Әбіш ауылы, М.Жасмағанбетов 12, «Әбіш негізгі орта мектебі» ғимараты, өткізу уақыты: 24 маусым 2026 жыл, сағат 10:30. 49.483931 с.ш., 49.131278 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/85679054173?pwd=By3AbJCFIwk9uue91fSW64Ig3VJfQW.1>

Конференция идентификаторы: 856 7905 4173, кіру коды: 452049.

Көктерек ауылы, Құрманғазы көшесі 8, Мәдениет үйі, өткізу уақыты: 24 маусым 2026 жыл, сағат 15:00. 49.407583 с.ш., 49.249511 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/87146265783?pwd=GKAnHbAeTiNDDuC7Pz6I8F8ZxLnYaL.1>

Конференция идентификаторы: 871 4626 5783, кіру коды: 581849.

Көктерек ауылдық округі, Саралжын ауылы, Саралжын көшесі 28, Саралжын ауылдық клубы, өткізу уақыты: 25 маусым 2026 ж., сағат 10:30. 49.334208 с.ш., 48.908273 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/89985939773?pwd=jMEQzrla8a9nEVR7MwLP2cRX2mbYTA.1>

Конференция идентификаторы: 899 8593 9773, кіру коды: 456061.

Казталов ауылдық округі, Казталов ауылы, Шарафутдинов көшесі 21, С.Садықов атындағы мәдени-демалыс орталығы, өткізу уақыты: 26 маусым 2026 жыл, сағат 10:30. 49.460436 с.ш., 48.412623 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/89734968748?pwd=1yT5y63Tf6E4qmozSH45zsz2OCWUd.1>

Конференция идентификаторы: 897 3496 8748, кіру коды: 005723.

Казталов ауылдық округі, Қоныс ауылы, Бейбітшілік көшесі 5/1, «Қоныс ауылдық клубы», өткізу уақыты: 26 маусым 2026 ж., сағат 15:00 де, 49.422452 с.ш., 48.53152 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/89917490171?pwd=e5B7X6EuXERrBP8SP4IOg7a2papoVA.1>

Конференция идентификаторы: 899 1749 0171, кіру коды: 713983.

Бөкей ордасы ауданы бойынша:
Саралжын ауылдық округі, Саралжын ауылы, М.Мәметова көшесі 19, Мәдениет үйі, өткізу уақыты: 25 маусым 2026 ж., сағат 15:00 де, 49.168881 с.ш., 48.903895 в.д.

Zoom конференциясына сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/83614618118?pwd=hi8jTXda6YkWf6bflJpkJdWqGMNbt.1>

Конференция идентификаторы: 836 1461 8118, кіру коды: 850973.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты құрылым:

ЖАО «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл. пошта: zko_forest@bko.gov.kz, tabigat_zko@mail.ru, тел: 8712240968

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей келесі электронды мекенжай бойынша қабылданады zko_forest@bko.gov.kz, tabigat_zko@mail.ru және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:
«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, Астана қ., Есіл ауданы, Ә.Бөкейхан көшесі, 12 ғимарат, БСН: 050840002757, эл.пошта: n.kaztaev@epqg.kz, Казтаев Н.А. тел.87052982311.

Жобаны жасақтаушы: КазНИГРИ ЖШС, Атырау қ., Әйтеке-би, 43А, БСН: 991240001478, эл.: info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжай бойынша алуға болады:
zh.kalemova@kaznigri.kz, тел. 8(7122)763090-217.

«Позитив-Инвест» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 03 шілде сағат 11:00-де Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Горбунов ауылының ауылдық кітапханасы Минская көшесі, 9 мекенжайы бойынша «Западно-Тепловское кен орнының Артинский қабатына Wtp 102 пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 60 минут бұрын басталады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгі-

зілген жағдайда қоғамдық тыңдау онлайн режимде өтеді. Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/76006427955?pwd=gbwiY4y6Jq9N5EtJ8YsYL8zbtPsGQ4.1>

Конференция идентификаторы: 760 0642 7955
Кіру коды: 2Ef8ku

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы:
«Позитив-Инвест» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Орал қ., А. Карев көшесі, 43/1; БСН: 080240003372; телефон: 8 (7112) 93 39 00 (6195); Rustam.Uteshev@nog.co.uk;

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ПИ «ОРТИМУМ» ЖШС; Қазақстан Республикасы, Актау қ., 3-шағынауданы, 23 ғимарат; БСН 000740000123; Телефон: 8 (7292) 54-40-50; daldasheva@opm.kz

Жоба бойынша құжаттама www.ndbecology.kz ақпараттық порталында және «Батыс Қазақстан облы-

сының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/activities/directions?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Қосымша ақпаратты Орал қаласы, А.Карев көшесі, 43/1 мекенжайы бойынша және 8 (7112) 93 39 00 (доп. 6195) телефоны, e-mail: Rustam.Uteshev@nog.co.uk алуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстарды www.ndbecology.kz ақпараттық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде немесе Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының қызметкері zko_forest@bko.gov.kz және tabigat_zko@mail.ru; электронды поштасына қабылдайды;

Географиялық координаттар: С.Ш. 51°25'0,07», В.Д. 51°07'11,62».

«Позитив - Инвест» ЖШС әкімшілігі

«ORAL ONIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.
Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral oniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2.
Телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545.
Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9190 4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА,
А. ШОҢЫРАЕВА
Кезекші редактор: Г. КЕНЖЕҒАЛИЕВА

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, NPKZ49VY00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz



Жеті бояу



Г. Бекбердинова, «Жас Абай және Тоғжан»
Кенеп, акрил, 2020 ж.

Шахмат үздіктері іріктелді

Жақында шаһардағы «Жайық арена» спорт кешенінде ҚР Парламенті Сенатының шахматтан III ашық кубогінің облыстық кезеңі ұйымдастырылды.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»



«SENAT OPEN – 2026» шахмат додасына облыстағы түрлі саланың қызметкерлері қатысты. Олардың ішінде барлық шақырылым мәслихат депутаттары, мәдениет, білім, БАҚ өкілдері мен әртүрлі басқармалар мен күштік құрылым мамандары болды. Биылғы шаршы тақтадағы ақыл-ой сынында 200-ге жуық ойыншы бақ сынады. Турнирдің облыстық кезеңіндегі үздік 35 қатысушы 6 маусым күні Ақтау қаласында өтетін аймақтық бәсекеде өңір намысын қорғайды. Айта кетелік, өткен жылы шахматшыларымыз турнирдің республикалық кезеңінде бас жүлде иеленіп, «SENAT OPEN» кубогін еншілеген еді.

Дәстүрлі доданың салтанатты ашылуында алдымен мемлекеттік Әнұран шырқалды. Одан кейін облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Мұқаев, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Бауыржан Атауов, «Freedom Broker» компаниясының Атырау және Орал қалалары бойынша аймақтық директоры Ақтолқын Ғұбашева, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Бақ

дәулет Сәбитов, «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ БҚО филиалының атқарушы директоры Марат Қазекенов сөз сөйлеп, шахматшыларға сәттілік тіледі.

– «SENAT OPEN» шахмат турнирі ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев пен «Freedom Holding» компаниясының жетекшісі Тимур Турловтың қолдауымен үшінші мәрте өтуде. Биылғы доданың ерекшелігі шахматшылар қатарына әлеуметтік салалар мен құқық қорғау құрылымдарының мамандары қосылды. Шахмат ойыны – адамның ойы мен логикасын шыңдайтын спорт түрі. Қазіргі таңда елімізде осы спорт түрі қарқынды дамып келеді. Оған дәлел 2019 жылы халықаралық гроссмейстер дәрежесін иеленген және екі дүркін блицтен әлем чемпионы атанған тараздық Бибісары Асаубаеваны айттып өтуге болады. Біздің Ақ Жайық өңірінен де талай шеберлер шықты. Күні бүгінге дейін «SENAT OPEN» шахмат турнирінің батыс аймақтық

қос кезеңінде көш алдында болып, 2025 жылы Астанада айымыз оңынан туып, арнайы кубокті иелендік. Бүгін облыстық кезең бойынша жарыс үздіктері іріктеліп, олар алдағы күндері өтетін аймақтық және республикалық шахмат сынында өңір намысын абыроймен қорғайды, – деді Мұрат Мұқаев.

Жарыс қатысушылары «Швейцар» жүйесі негізінде жұпталып, үстелдерге жайғасты. Олар шахмат тақтасында тоғыз мәрте бақ сынасты. Турнир нәтижесінде Өтеген Мүбәрәк үшінші орынды місе тұтса, екінші орын Виталий Каширинге бұйырды. Барлық қарсыластан жоғары ұпай еншілеген Бақдәулет Зәуірбек жарыс жеңімпазы атанды. Сондай-ақ қатысушылар түрлі санаттар бойынша жүлделі орындарға ие болды. Көш басында тұрған 35 шахматшы Батыс Қазақстан құрамасы сапында аймақтық бәсекеде сынға түседі. Ал «SENAT OPEN – 2026» шахмат турнирінің финалдық кезеңі 27 маусым күні Астана қаласында өтеді.

Қазақтың тыйым сөздері

- ❖ Нанды аяққа баспа.
- ❖ Нанды бір қолмен үзбе.
- ❖ Нанды лақтырма.
- ❖ Нан үстіне ешнәрсе қойма.
- ❖ Абайсызда түскен нан түйірін төлге немесе үй құстарына бер.
- ❖ Күлді шашпа.
- ❖ Отпен ойнама.
- ❖ Оттан аттама.
- ❖ Суға түкірме.
- ❖ Бейуақытта ұйықтама.
- ❖ Бейуақытта жылама.
- ❖ Бас киімді теріс киме.
- ❖ Сырт киіміңді желбегей жамылма.
- ❖ Бас киіммен ойнама.
- ❖ Босағаны керме. Оған сүйенбе.
- ❖ Табалдырықта тұрма.
- ❖ Үйде ысқырма.
- ❖ Мал қорада дәрет сындырма.
- ❖ Малды теппе.
- ❖ Қолыңды төбеңе қойма.
- ❖ Тізеңді құшақтама.
- ❖ Бүйіріңді таянба.
- ❖ Мойныңа белбеу салма.
- ❖ Мешкей болма.
- ❖ Жағыңды таянба.
- ❖ Сау күнінде таяққа сүйенбе.
- ❖ Бейіт жаққа қол шошайтпа.
- ❖ Шелектегі суға аузыңды малма.
- ❖ Ақты төкпе.
- ❖ Сыпырғышты тік қойма.
- ❖ Көк жемісті жұлма.
- ❖ Адамды айналма.
- ❖ Адамға қарап түкірме.
- ❖ Жүреңнен отырма.
- ❖ Кемтар адамға күлме.
- ❖ Кісіге қару кеземе.
- ❖ Пышақты шалқасынан қойма.
- ❖ Таңдайыңды қақпа.
- ❖ Екі езуіңді керме.
- ❖ Басыңды шайқама.
- ❖ Аузыңды қол сыртымен сүртпе.

Сауда-саттық



Техникалық жағдайы өте жақсы «Шевроле» Кобальт аутокөлігін сатамын. 2022 жылғы (механика). Бір қолдан айдалған, бар болғаны 63 799 шақырым жүрген. Кондиционер. Температура датчигі орнатылған. Алдыңғы екі отырғышы жылытылады. Қысқы дөңгелектерін қосып сатамын.

Бастапқы бағасы: 5 100 000.

Уатсапқа хабарласыңыз: 8 701 359 30 90